

Шектеулі мүмкіндікпен – шексіз жетістікке

Облыс әкімдігінде Ханжоуда өткен Азия пара ойындарында сәтті өнер көрсеткен спортшыларға құрмет көрсету мақсатында салтанатты жиын ұйымдастырылды. Саңлақтарымыз ұлттық құрама қоржынына 6 медаль салды – екі алтын, төрт қола. Ел мерейін үстем еткен саңлақтарды облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын қабылдады. Алғыс хаттар мен қаржылай сертификаттар табысталды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қоржынға екі алтынды ядро лақтырушы атлет Дастан Мұқышев пен жүзуші Диас Кенжебек салды. Дастан Мұқышев алтын алып қана қоймай, Азия ойындарының рекордын жаңартты. Ол ядроны 15,74 метрге лақтырған. Осы жеңісінің арқасында 2024 жылы Парижде өтетін Паралимпиада ойындарына жолдама алды. Ерлан Құсайын екі спортшының ерлігін айрықша атап өтті. Елдің ықыласын, құттықтауын жеткізді.

Облысымыздың спортшылары жаһандық аренада еліміздің көк байрағын желбіретті, алапатымызды асырды. Еліміздің мерейі үстем болды. Бөркімізді аспанға атып, қуандық. Сіздер – өсіп келе жатқан жас ұрпаққа үлгісіздер. Жеңіс үшін аянбай тер төктіңіздер. Жаттықтырушылардың да төккен тері өлшеусіз. Мұндай нәтижелер күш-жігерді, мінезді талап етеді. Сіздерге рахмет! Сәттілік! Жарқын жеңістер тілейміз! – деді облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын.

Облыс әкімінің орынбасарынан кейін алтын медаль иегері Дастан Мұқышев сөз алып, қолдау көрсеткен аймақ басшылығына, құрама ұжымына алғысын білдірді.

Төрт қабырғаға қамалып, ештеңеге талпынбай жүрген дені сау, 12 мүшесі түгел адамдар бар. Солар бізден үлгі алса деймін. Біз дертпен күресе жүріп, осындай жеңіске жетіп жатырмыз. Олар да талпынса, алынбас қамал жоқ екеніне көздері жетеді. Шыңға, биікке ұмтылу қажет. Дауылға да, бораңға да, алда кезігер өзге



де бөгеттерге қарамаңыздар. Адамның мүмкіндігінде шек жоқ. Тек соны сезіну қажет. Мен өзімнің командаластарыммен

мақтанамын. Олар да додада ғана емес, өмірде жеңіске жетіп жүр. Осы беттерінен танбаса деген тілегім бар. Алда әлі талай

сайыс пен күрес күтіп тұр, – деді Дастан Мұқышев.

Жүзуші – Наталья Звягинцева және Ро-

ман Потапов, дзюдошы – Даяна Федосова мен шахматшы Өлімжан Аяпов қола медальді қанжығалады.

Он тоғыз жастағы Диас Кенжебек Азия пара ойындарында алтынға қол жеткізіп қана қоймай, қос рекорд орнатты. Олимпиадалық лицензия үшін оған тек бір секунд қана жетпей қалды.

Азидада біз тұғырға шығуды мақсат тұттық. Ал, Диас тапсырманы өз биігінде орындады. Ол – өзіне сенімді, еңбеккер, жауапты спортшы. Менің ойымша, бәрі ойдағыдай болады. Паралимпиада ойындарына жолдаманы түптің түбінде алады. Өзірге шамалы демалыс қажет. Қалпына келуі тиіс. Алдағы байрақты додаларға дайындықты ширатамыз, – деді Диас Кенжебектің жаттықтырушысы Светлана Кучина.

Қарағандылық Наталья Звягинцеваның бұл – Азия пара ойындарында жеңіп алған үшінші қола медаль. Ол параспортпен 20 жылдан астам уақыт айналысып келеді. Ол бұдан да үлкен жетістіктер үшін тынымсыз жаттығатынын жеткізді.

Натальяның ең жоғары марапаты – 2017 жылы Мексикада өткен әлем чемпионатындағы алтын медаль. Ол осы жеңісімен Қазақстан спортының тарихына енді. Оған дейін бұл спорт түрінен бізде алтын алғандар жоқ. Азидаға қарқынды, жүйелі түрде дайындалды. Қазір қалпына келу шаралары жүріп жатыр. Ал, алда жаңа белестер күтіп тұр. Еуропа ашық чемпионаты, Паралимпиада ойындары өтеді, – деп атап өтті Наталья Звягинцеваның жаттықтырушысы Наталья Манохина.

Шахматшы Өлімжан Аяпов үшін бұл алғашқы Азия ойындары болды. Бірақ, бапкерлері жас спортшының болашағына зор үміт артып отыр. Талай бәсекеде оза шабатынына сенімді.

Жұлдегерлерге ақшалай сертификат табысталды. Алтын медаль алғандарға 1,5 миллион теңге, ал, қола медаль иелеріне 750 мың теңге берілді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Баспасөз - 2024

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Газетке 2024 жылға жазылу науқаны басталды. Жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынысыз) балама жазылу жүргізіледі.

Kaspi.kz арқылы сүйікті басылымыңызға жазылыңыз!

«Төлемдер» бөлімі → «Іздеу» → «Жазылым төлемі» → Баспа басылымының атауы

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай 5827,65	5891,70
		12 ай 11655,30	11783,40
Жеке жазылулар үшін	12 айға 4116	6 ай 3079,65	3083,70
		12 ай 6159,30	6167,40

Жеңілдікпен жазылу: 25 қазан – 25 қараша (бір жылға жазылу шартымен)

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10215,00	10415,40
Жеке жазылулар үшін	3492	5535,30	5651,40

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.
E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru

«Саусақ бірікпей, ине ілікпейді»

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Реформа – өміршең өзгерістер

Өзін асырап қана қоймай, азық-түлікпен елді де қамтамасыз ететін жеке қосалқы шаруашылықтар саны елде 1 млн. 630 мыңнан астам екен. Олар 2,6 трлн. теңгенің өнімін өндіреді. Бұл барлық ауыл шаруашылығы өнімінің 41,5 пайызы екенін меңзейді ашық ресурстағы ресми деректер. Осыдан екі жыл бұрын «Жеке қосалқы шаруашылық туралы» Заң жобасы әзірленіп, ол ел ішінде талқыдан өтті. Былтыр Мәжілісте таныстырылды.

Жалпы, сүттің 90 пайызын, ашық жердегі көкөністердің 84 пайызын, картоптың 83 пайызын және еттің 70 пайызын осы жеке қосалқы шаруашылықтар өндіреді. Ұсақ бола тұра, ауыл шаруашылығындағы үлесі қомақты қосалқы шаруашылықтардың мәселесі қазір Үкімет деңгейінде талқыда. Бұл – Президент пәрменінен соң басталған қарекет. Ал, Қарағанды облысында статистика департаментінің быыл жартыжылдықта жариялаған дерегіне, 123 ауыл шаруашылығы кооперативі бар. Оның төртеуі өсімдік шаруашылығында болса, 53-і мал өсірумен шұғылданады.

Қосалқы жазылуы Ш.А.Амантай

ҚҰҚЫҚ

Автобандағы жылдамдық режимі реттеледі

«Автобан екен» деп жылдамдықты шамадан тыс асырып, ереже бұзатындардың саны бүгінде азаймай тұр. Салдары ірі жол апаттарына әкеліп соғады. Жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Алматы-Екатеринбург» халықаралық автожолының учаскелеріне жылдамдық өлшегіш құрылғылар қойылды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық полиция департаментінің берген ресми ақпаратына сүйенсек, жылдамдық өлшейтін құралдар 10 қарамадан бастап, іске қосылған.

Ведомствоның мәліметінше, жылдамдық өлшегіштер Анар станциясының (автожолдың 1354 шақырымы) және Ошағанды кентінің (1403 шақырым) аркаларында орнатылған. Олар екі бағыттағы қозғалысты қадағалайды.

1 қарашада Теміртаудан Астанаға қарай шығатын жолдың арқасына қойылған еді.

Полиция жүргізушілерді жол ережелерін сақтауға, рұқсат етілген жылдамдықтан аспауға шақырады. Сонымен қатар, көліктегі өзге де жолаушылардың өміріне жауапкершілікпен қарауға үндеді.

Енді аталған учаскелерде жылдамдықты сағатына 140 шақырымнан асыра алмайсыз.



«Саусақ бірікпей, ине ілікпейді»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мұның құрамындағы мүшелерін тартып айтсақ, 12-сі – заңды тұлға, 12-сі – шаруашылық серіктестігі, 114-і – жеке кәсіпкер немесе шаруа қожалығы мен фермерлік қожалық. 940-ы – үй шаруашылығы. Мұндай ауыл шаруашылығы кооперативінде еңбек ететін халықтың саны – 286 адам дейді статистика. Бұл кооперативтерде ірі қара саны 4 мыңнан асады. Қой – 4085, ешкі – 359, жылқы – 1906, құс – 1235 екен.

Десек те, ауылдағы ағайын ақ адал малының зейнетін толыққанды көре алмау-да. Ауыл мен қалаға алтын көпір болып алған әккі алыпсатардың үлесі мал соңындағы иесінен әлдеқайда жоғары. Неге? Өйткені, ауыл азаматтарының алыстан арбалар күш-көлігі жок. Бұл олқылық алыпсатарларға арзанға қайтсе де беруге әкеп соғады. Диканшылықпен айналысар жұрттың да айтары осы. Не десек те, делдалдардың дәурені жүріп тұр. Бұл ретте шалғайдағы ауылға Үкіметтен көмек жок деу – қате пікір.

Бұдан біршама жыл бұрын ауыл шаруашылық өніміне тиімді кооперативке бірігу идеясы айтылған болатын. Оған арнайы бағдарламалар қарастырылып, кооперативтендірілген шаруашылықтар жұмысын үдете түсті. Қазіргі таңда Оңтүстік Қазақстанның біршама ауыл шаруашылықтары кооператив жемісін көріп отыр. Оның ішінде Үкімет ұсынған бағдарламаның бірі – «Ауыл аманаты».

«Ауыл аманаты» жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы негізінде бастау алды. Бағдарламаны жүзеге асыруға биыл республикалық бюджеттен 11 млрд. теңге бөлінген. Қосымша 14 млрд. теңге бөлу жөнінде Ауыл шаруашылығы министрлігіне өтініш берілген болатын.

Аталған жоба 2023-2025 жылдар аралығында жүзеге асырылмақ. Микрокредит мерзімі – 5 жыл. Мысалы, мал шаруашылығы жобаларына 7 жылға дейін беріледі. Кез келген жылжымайтын мүліктің 60 пайызы бағаланады. Бір жылға дейін демалыс қарастырылған. Бұл ретте облыстық кәсіпкерлер палатасы өңір бойынша жұмыс тобы құрамымен бірге барлық аудандарды аралап, бағдарламаның концепциясын құрды. Сондай-ақ, олар кооперативке бірігуге шаруалар ұсынған жобаларды сүйемелдеп, бизнес-жоспар дайындау үшін құжаттарды жинақтауға



да кол үшін берсе екен дейді шаруалар.

– Міне, осындай көмектерден ауылдағы көп ағайын хабарсыз. Оларға кооперативке бірігуді нақтылап түсіндіріп, оның пайдасын да көрсеткен абзал. Жұрттың көбі алданып қалудан қорқады. Ауыл ішіндегі жұртқа беделді, ел танытын азаматтардан басшы сайлап, шаруашылықтар біріксе, ортадан өнімді қалаға жеткізер көлікке қаржы шығарсақ, делдалдардың да қанауынан арылар ма едік?! – дейді «Желтау» жеке шаруа қожалығының мүшесі Алмас Мұстафин.

Жалпы, мемлекет тарапынан берілетін қандай да бір жеңілдіктерге оңай қол жеткізу үшін шаруалардың ортақ кооперативтерге біріккені абзал. Яғни, іріленген шаруалардың мұндай кезде ұтары көп болмақ. Жоба үйлестірушілері де несие алу үшін тұрғындардың біріккенін мақұл көріп отыр. Бұл өз кезегінде арзан бағамен жем сатып алуға, жер жыртуға, қоныс шығаруға, арнайы техникаларды арзан бағамен пайдалануға мүмкіндікті ұлғайтады. Қысқасы, кооперативке бірігудің пайдасы көп көрінеді.

– Кооперативке бірігу – ол күнделікті өнімнің белгілі бір жемісін көру. Кооперативке 3 немесе одан көп шаруашылықтар біріге алады. Ал, оған тиімді етіп ұсынылған «Ауыл аманаты» жобасының негізгі мақсаты – ауылдық елді мекендердегі жұмыссыздар мен атаулы әлеуметтік көмек алушылар санын азайта отырып, өзін-өзі жұмыспен қамтушыларды заңдастыру. Бағдарламаның қалай жүзеге асырылатыны мен несиелеудің шарттарына тоқталсақ, ең бірінші, кезекте жобаны іске асыруда жеке қосалқы шаруашылықтарды кооперативтер негізінде

дамытуға басымдық берілмек. Несие алу үшін ауыл тұрғындары, алдымен, ауыл әкімдіктеріне өтініш тастауы қажет. Бұл жобаның ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарын құруға, мал мен үй құстары санын көбейтуге, шағын кәсіпкерлікті

• ТІЛСІЗ ЖАУ

Өрт қауіпсіздігі өзекті

Төтенше жағдайлар департаменті мамандары қауіпсіздікті ұдайы қаперге салады. Департамент дерегіне, биылғы жылдың 1 қазанынан бері қалада 38 өрт тіркеліп, 6 адам қайтыс болыпты. Осыған орай, Қарағанды облысы төтенше жағдайлар департаменті бастығы Мұрат Қатпановтың қатысуымен «Қауіпсіздік мәдениеті» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Онда жылыту маусымында тұрғын үй секторларындағы, сауда орталықтарындағы өрт қауіпсіздігі талқыланып, мәселе мәнісі баяндалды.



Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қазіргі таңда халықты барынша қамту үшін бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктері белсенді пайдаланылуда. LED-экрандарда, әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша ақпараттар жарияланды. Сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы өрт қауіпсіздігі туралы үгіт-насихат, түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Халықтың әлеуметтік осал топтарының үйлеріне ерекше назар аударылып, барлығы 5811 үй тіркелді. Халықтың әлеуметтік осал топтарының үйлерін аралау кезінде пешпен жылытуға, электр желілері мен электр жабдықтарын пайдалануға байланысты кәтеліктер анықталады. Жылыту маусымы басталғалы бұл үйлерге 225 көміртегі тотығы құрылғысы (датчигі) орнатылған. 2018 жылдан бері 3847 құрылғы орнатылды, – деп атап өтті ТЖД бастығының орынбасары Аманбек Бейсембаев.

Бүгінгі таңда қалада көпқабатты үйлер көптеп салынуда. Алайда, осы зәулім

дабылдары, сорғы күшейткіштері жоқ немесе ақаулы түрде орнатылған. Тіпті, өрт сөндіру түтіктері, өрт сөндіргіштер жоқ. Түтінісиз баспалдақтардағы қауіпсіз аймақтары шыныланған немесе жабық. Дабыл іске қосылған кезде лифтілерді түсіретін автоматты жүйелер де жоқ. Тексеріс барысында анықталғандай 5-қабаттан жоғары көптеген пәтерлердің балқондарындағы өрт сөндіру люктері тығыз жабылған. Тұрғындар ол жерді тұрмыс заттарымен үйіп тастаған. Ал, баспалдақтар бөлшектелген. Кіреберістер коқыс пен темекі қалдықтарына толып жатыр. Оған қоса, көпқабатты үйлердің аумағына техниканың кіруі азап. Міне, осының барлығы өрт сөндірушілердің, құтқарушылардың жұмысын күрделендіреді түседі, – деді ол.

Астын сызып атап өтер мәселенің бірі – осы. Расында, тұрғын үйлердің жиілігі және тығыз орналасқандығы жедел жәрдем мен өрт сөндірушілерге айтарлықтай қолайсыздық тудыратыны жасырын емес. Бұл мәселенің шешімі эзірге табылмай тұр.

– Ауалар өте тар. Оның үстіне аула-



үйлер өрт қауіпіне төтеп бере ала ма? Ондағы пәтерлерге өрт сөндіру қызметкерлері жедел көтеріле ала ма? Бұл жөнінде Аманбек Алтынбекұлы былай дейді.

– Облыс орталығында 9 қабаттан жоғары көпқабатты үйлердің құрылысы қарқынды жүруде. Осыған орай, шілде айынан бастап, барлық көпқабатты тұрғын үйлерде өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі тексерілді. Оның барысында кіреберістер мен қабаттардың өртке қарсы құрал-жабдықтардың пайдалануға жарамдылығы қаралды. Сонымен қатар, өртке байланысты түрлі бейнематериалдарды көрсету арқылы тұрғындармен өрт қауіпсіздігі ережелері мен өрт кезіндегі әрекеттерді түсіндіру бойынша әңгімелесу жүргізілді. Баса назарға ұсынар бір мәселе – ол мұндай көпқабатты үйлерден адамдарды қалай құтқару керектігі.

Жалпы, облыста биіктігі 28 метрден асатын 176 көпқабатты тұрғын үй тіркелсе, оның ішінде, 166-сі өрт қауіпсіздігі ережелерін бұза отырып, пайдаланылуда. Үйлердің біршамасында автоматты өрт

дағы алақандай алаңға тұрғындар көліктерін қойып, жедел жәрдем, өрт сөндіру көлігі жүрер жолды бөгеп тастайды. Мұның бәрі – көлік трактарының жоқтығынан. Бар болса да, барлығы ақылы. Қазіргі таңда көлікті бір күнге тұрақжайға қою ақысы 300-500 теңгені құрайды. Оны күнделікті төлеуге кімнің жағдайы жеткендей?! Амасыз өзі тұратын үйінің алдына алақандай алаңға қаңтаралды, – дейді Әлихан Бөкейхан ауданының тұрғыны Марина Герасимова.

Бұл мәселенің алдын алу үшін Мұрат Қатпанов өз пікірін білдірді.

– Өрт кезінде ауладағы көліктер мен биік бордюрлар өрт сөндіру техникасының жұмысына кедергі келтіреді. Сондықтан, барлық өңірде тұрғын үй кешені мен аудандардың инфрақұрылымын дайындау және оларды абаттандыру кезінде шұғыл қызметтердің қозғалысын да ескеру қажет. Сонымен қатар, ТЖМ бөлімшелеріне жыл сайын техника жаңартқан кезінде биік ғимараттарда жұмыс істеуге арналған техника қажеттілігін айта кеткен жөн, – деді ол.

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Біліктілік танытып, биіктен көрінді

Облыстың колледж оқытушылары республикалық кәсіби шеберлік байқауында сәтті өнер көрсетуде. Әзірге қарағандылықтардың еншісінде үздік бірінші орындар мен екі медаль бар.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өскемен жоғары политехникалық колледжінде өткен сайыста Нұрдаулет Жұмасейітов бірінші орын алды. Қара-

ғанды машина жасау колледжінде жұмыс істейтін жас маман инженерлік мамандық бойынша шеберлік көрсетті.

– Байқауға алғаш рет қатысып отырмын. Колледжде жұмыс істегеніме бес жыл болды, оған дейін өндірістік

кәсіпорында жұмыс істедім. Студенттерге «машинист» мамандығы бойынша сабақ беремін. Бұл сұранысқа ие мамандықтар. Байқау қабілетімді сынауға және әріптестермен тәжірибе алмасуға тамаша мүмкіндік берді, – дейді Нұрдаулет Жұмасейітов.

Қазылар алқасы қарағандылықтардың кәсіби шеберлігін жоғары бағалауда.

• БРИФИНГ

Қызылшаның екпінін екпе басады

Облыста қызылшаның асқинуы байқалуда. Өткен аймен салыстырғанда, қазан айында сырқаттанушылар саны екі есе артқан. Мамандар қызылшаның жұқпалылығы ауа тамшылары арқылы берілетіндіктен, екпе алмағандар үшін 100% қауіпті инфекция екенін айтуда. Вирус ауа арқылы ұзақ қашықтыққа оңай таралады.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қызылшамен сырқаттану бұған дейін ақпан айында тіркелген. Қазіргі таңда облыстың барлық аумақтарында байқалып, қарашада қызылша жұқтырудың орташа есеппен 10 жағдайы орын алған. Облыстың санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мамандарының ақпаратына сүйенсек, 8 қарашадағы жағдай бойынша қызылша жұқтырған 350 жағдай тіркелді. Оның 268-і зертханада расталды. Инфекцияға сезімталдық 14 жасқа дейінгі балалар арасында байқалуда. Қызылшамен сырқаттанудың 85%-ы екпе алмаған балаларда жиі кездесуде.

Ұлттық профилактикалық егу күнтізбесіне сәйкес қызылшаға қарсы жоспарлы егулер 12 айлық (вакцинация) және 6

жастағы (ревакцинация) балаларға жүргізіледі. Биыл аймақта қызылшаға қарсы 1 жастағы 12 028 бала, 6 жастағы 11 871 бала егілді.

– Оқу жылынан бастап мектеп оқушылары, мектепке дейінгі балалар ұйымдарының тәрбиеленушілері арасында қызылша жұқтыру жиі кездесуде. Ондай жағдай инфекцияның сырттан келуіне және вакцинацияланбаған балалар санының көбеюіне байланысты. Сондықтан, мектепке дейінгі балалар ұйымдарында ұжымдық иммунитеттің шекті деңгейіне сараптама жүргізіледі. Қазіргі таңда жоспарлы вакцинациямен қамтудың шекті деңгейі сақталмаған 42 мектепке дейінгі ұйымдар анықталды. Сараптама нәтижелері бойынша тәрбие нысандарының басшыларына жоспарлы екпелермен қамту туралы жазбаша ұсыныс жіберіледі. Топтарда екпе алмаған балалардың үлесі

ҚР ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті

ҚЫЗЫЛШАНЫҢ АЛДЫН АЛУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚЫЗЫЛША БОЙЫНША ҚОЛАЙСЫЗ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ БАЙҚАЛУДА.

Қызылша – вирустан туындайтын өте жұқпалы ауыр сырқат, бұл аурудан адамның орталық жүйке жүйесі және басқа да маңызды органдары зардап шегеді.

ksek_2023

ksekmzrk

cseckz

10%-дан аспауы тиіс. Мерзімінде вакцинацияланбаған адамдарды анықтау бойынша шаралар жалғасуда. Қосымша имундау балалардың тіркелген жері бойынша амбулаториялық-емханалық ұйымдарда тегін жүргізіледі, – деді об-

лыстың санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті, жұқпалы және паразиттік ауруларды эпидемиологиялық бақылау бөлімінің басшысы Жакия Жәнібекова.

Мамандардың айтуынша, аурудың ал-

дын алуға мүмкіндік беретін сенімді шара – ауырған жағдайда асқинулардан қорғайтын екпе. Қызылшаны дереу емдеудің салдары – отит, пневмония және жүйке жүйесі жағынан – энцефалит, менингит, паненцефалит секілді ауыр асқинуларға әкеліп соғады.

Айта кеткен жөн, қызылшаға және қызамыққа қарсы қосымша имундауда Үндістанда өндірілген аралас вакцина қолданылады. Әлемнің 70-тен астам елінде, соның ішінде Еуропада қолданылатын вакцинаны Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мақұлдаған. 2015-2019 жылдары қызылша ауруының өршуін оқшаулау үшін аталған вакцина қолданылып, имундаудан кейін асқинулар тіркелмеген.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мамандарының айтуынша, 2021 жылы дүние жүзінде екпе алмаған балалар арасында қызылшадан 128 мың өлім жағдайы тіркелді. Биыл әлемнің 104 елінде (Түркия, Австрия, Сербия, Ұлыбритания, Ауғанстан, Ресей, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан) қызылшаны жұқтыруда 205 мыңнан астам жағдай орын алған.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы әлемдегі қызылша эпидемиясының қауіп туралы 2022 жылы ескерткен.

Депутаттар ауыл медицинасына алаңдайды

Ауылдық жердегі дәрігер тапшылығы билікті де, бұқараны да ойлантарлық жағдай. Шалғайдағы жаны тырнағының ұшына зымырап келген наукас мұндайда әбден дағдарады. Мәселен, Бұқар жырау аудандық ауруханасында ауылдық амбулаториялармен қосқанда 12 дәрігер жетіспейді. Әсіресе орта буын медицина мамандары мен медбикелер саны аз. Жас маман едетте жалақының аздығынан жеке-меншік емханаға жұмысқа орналасуды құп көріп, «ауылдық ауруханада жағдай жоқ» демесін бе?!

Ал, Қарағанды облыстық мәслихатының алдағы сессиясында депутаттар денсаулық сақтауды дамытудың түрлі аспектілерін талқыламақ ниетте. Атап айтқанда, Үкіметтің, Сенаттың және Парламент Мәжілісінің деңгейіне мемлекеттік қолдау көрсетілетін және әлеуметтік көтерме жәрдемақы берілетін медицина қызметкерлерінің тізбесін кеңейту мәселесін шығару ұсынылмақ. Бұл медбикелерге ғана емес, сонымен қатар бірқатар жекелеген мамандарға тікелей қатысты.

Ерканат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Дені сау ұлт» ұлттық жобасы аясында

Облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Қобжанов бастаған жұмыс тобы Бұқар жырау ауданына барып жұртшылықты бар бейіл-зейінімен тыңдады. Халық қалаулылары Ботақара кентінің орталық аудандық ауруханасында дәрігерлермен сөйлесті, Қарақұдық ауылында салынып жатқан фельдшерлік-акушерлік кешенді көрді, сондай-ақ, Доскей ауылындағы отбасылық-дәрігерлік амбулаторияға ат басын тіреді.

Бұл мәселе облыстық мәслихаттың таяудағы сессияларының бірінде талқыланатын «Дені сау ұлт» ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде күн тәртібіне шығарылмақ. Депутаттар облыс орталығында, Теміртау, Балқаш, Приозерск, Саран, Шахтинск, Абай, Ақтоғай, Шет, Қарқаралы, Нұра және Осакаров аудандарында орналасқан 50-ден астам денсаулық сақтау мекемелерінде болған. Олар медицина нысандарының жай-күйімен танысып, бірқатар өзекті мәселелерді орынды көтерді. Мысалы, ұйымдардың оналту, емдеу, профилактикалық іс-шараларға арналған жабдықтары бар мамандандырылған кабинеттермен қаншалықты жарақтандырылғаны; дәрілік заттармен қамтамасыз ету аужайы жете қарастырылды.

Сонымен қатар, халық қалаулылары жүргізілген жөндеу жұмыстарынан соң бұл нысандардың жай-күйін бағалап, денсаулық сақтау саласында қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін тағы нендей жайттарға назар аудару керек деген сұраққа бірлесе жауап іздеді.

Құрамына Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы Нұркен Қобжанов, сондай-ақ, әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы және мүшелері Қадияша Оспанова, Ерден Халилин, Айтбай Жұмағұлов енген депутаттық топты Бұқар жырау ауданының әкімі Абылай Сұлтанғали қарсы алды. Жұмыс сапары барысында депутаттар танысқан алғашқы нысандардың бірі Доскей ауылындағы дәрігерлік амбулатория болды. Ол «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша салынып, 2015 жылы пайдалануға берілген. Нысан құны 71 миллион теңгені құраған еді уағында. Бұл – модульдік қазандығы бар (көмір мен күл қоймасы бар) бір қабатты ғимарат. Амбулатория бір ауысымда ондаған жанға медициналық көмек көрсете алады. Ғимарат заманауи медициналық жабдықпен жабдықталған, кең кабинеттері бар, орталықтандырылған сумен жабдықтау және кәріз жүйесі тартылған.

– Бізде екі жалпы тәжірибелік дәрігер, бір терапевт, екі медбике, бір зертханашы жұмыс істейді. Жүкті әйелдерге екі акушер қызмет көрсетеді. Біз науқасты, соның ішінде балаларды да қабылдай жүріп, егер тиісті көрсеткіштер қылаң берсе, тиісінше арнайы орталыққа жолдама береміз. Процедуралық, дәрігерге дейінгі тексеру кабинеттері, күндізгі стационар, жеке зертханасы бар, онда барлық қажетті зерттеу түрлері жүргізіледі, – деп әңгімелеп берді жалпы практика дәрігері Альмира Елеуқенова.

Онлайн жүйенің озық тұсы

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру аясында денсаулық сақтау саласында да



ауқымды жұмыстар атқарылуда. Ақпараттық жүйелерді біріктіру, мобильдік қосымшаларды қолдану, электронды денсаулық паспортын енгізу, «Қағаз қолданбайтын аурухана» жүйесіне көшу арқылы медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру бағытында нәтижелі жұмыс бар. Емдеу мекемелеріндегі том-том қағаздар айналымын азайтып, құшақ-құшақ құжаттың бәрі электронды форматқа ауыса бастады. Әсіресе, денсаулық саласында тұрғындар жаңалықтардың игілігін көре бастады.

Ауылдық денсаулық сақтауды дамытудың маңызды қадамдарының бірі ақпараттық жүйелерді енгізу еді. Амбулаторияда ке-

Доскейдегі «Жедел жәрдем» қосыны

Доскей ақын атындағы ауылдық амбулаторияға 4180 жан тіркеуде. Мұнда екі кәнігі және бір терапевт дәрігер бар. Алты медбике жұмыс істейді. Трудовой және Қарақұдық бөлімшелерінде екі медбике бар. Депутаттар мұндағы мүмкіншіліктерді бір сарапалап өтті. Аудандық бас дәрігердің сөзінше, ауылдың географиялық орналасқан жері едәуір кедергі келтіретін көрінеді. Мұнда ультрадыбыстық зерттеу, эндокринолог сынды сала мамандары жоқ. Тұрғындар әдетте толық қаралудан өтуі үшін облыс орталығына барады. Ал, бұл медицина орталығы-



алдағы жылы толығымен аяқталады деп күтеді ел. Ол «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салыну-да. Бұған дейін ауыл тұрғындарына медициналық көмек әкімдіктің жалға алынған ғимаратында көрсетілген еді. Құрылыс барысымен танысқан ел елеулілері, облыстық құрылыс басқармасы басшылығының назарын аударатын бірқатар ескертулерге мән берді. Атап айтқанда, Нұркен Қобжанов ғимаратты жылумен қамтамасыз ететін заманауи жүйелермен жабдықтау, іргелес аумақты абаттандыру қажеттігін ерекше атап өтті.

– Көп жерде денсаулық сақтау нысандарын аралап жүрміз.

Депутаттардың аурухана ұжымымен кездесуінде қос тараптан ауылдық денсаулық сақтауды дамыту мәселелері көтерілді. Атап айтқанда, дәрігерлер мен орта буын мамандарының жетіспеушілігіне қатысты мемлекеттік қолдау көрсетілетін қызметкерлер санаттарының тізбесін кеңейту ұсынылды. Мысалы, қазіргі уақытта тапшылығы қатты сезіліп отырған медбикелерді тарту үшін оларға 1,5 млн. теңге көлемінде көтерме жәрдемақы бөлу ұсынылды. Бұл – эндокринологтар мен ультрадыбыстық диагностика дәрігерлеріне де тікелей қатысты.

– Мемлекет халық үшін медициналық қызмет сапасын жақсарту, сондай-ақ, медицина қызметкерінің өзі үшін қолайлы жағдайлар жасау бойынша іргелі іс атқаруда. Атап айталық, орталық аудандық аурухананы жылумен жабдықтау мәселесі шешілді, пациенттер кезекте тұрмауы үшін қажетті шаралар қабылданды. Бұнда сіздердің үлестеріңіз қоммақты. Біз бүгінгі «ауыл медицинасы» мәртебелі уақыт деген ұғыммен қатар келе жатқанын аңғардық. Заманауи технологиялар, оның ішінде телемедицина саласында да белсенді екендігіңізді қуантады. Бұл – наукас жандар өмірін жеңілдетіп, дәрігердің жұмысына оң ықпал ететін өте жағымды жайттар.

Қазір сіз бен біздің басты міндетіміз – облыстық мәслихаттың таяудағы сессияларының бірінде талқыланатын нақты мәселелер легін анықтау. Маңызды диалогқа ірі клиникалар, мемлекеттік ұйымдар және түрлі аралас ведомстволардың басшылары жұмылдырылатын болмақ. Себебі, Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі мен Сенат деңгейіне талқылауға шығарылатын бірқатар мән берерлік ауқымды түйіпкілдер бар. Әр сауалды бірлесіп, ынтымақтастық ашықтық негізінде шешетін боламыз, – деп түйінделі сөзін облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Қобжанов.



Реформа – өміршең өзгерістер

рқамаңыз, – деп тұжыры сөзін облыстық мәслихат депутаты, айтыскер ақын, Айтбай Жұмағұлов.

Таразы

Мұнымен бірге, депутаттық корпус өкілдері Ботақара кентіндегі орталық аудандық ауруханаға бас сұқты. Медициналық мекеменің директоры Арман Байсұлтан хабарлағандай, аурухана «100 мектеп, 100 аурухана» мемлекеттік бағдарламасы аясында пайдалануға берілген.

– Аудандық аурухана құрылымына 15 дәрігерлік амбулатория, 25 медициналық пункт, 14 фельдшерлік-акушерлік қосын кіреді. Емхананың жоспарлы қуаты бір ауысымда 250 науқасқа есептелген. Бұқар жырау ауданының халық санын ескере отырып, біз барлығы 45 мыңға жуық адамға қызмет көрсетеміз, – деп атап өтті Ботақара кентіндегі орталық аудандық аурухананың директоры.



ның бюджетіне де кері әсерін тигізетін көрінеді. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында биыл аталған ауылда жедел медициналық жәрдем пунктін жұмыс істей бастады. Оның ашылуы көптеген ауыл тұрғындары үшін жедел жәрдем көмегін күтуді қысқартты. Ал, сәл бұрынырақ ауылдағы сырқат жандар қашықтығы 50 шақырымды құрайтын аудан орталығынан жедел жәрдем көлігін

күтуге тура келетін-ді. Пункт дәрігерлік амбулатория ғимаратында орналасты. Қосынның жеке кіреберісі, екі шағын кеңсе әрі жедел жәрдем қызметкерлеріне арналған киім-кешек бөлмесі мен диспетчерлік бөлме бар. Доскейден басқа, жедел жәрдем Қарақұдық, Көкпекті, Үштөбе, Құрылыс, Новостройка, Сарыарқа елді мекендерінің тұрғындарына қызмет көрсетеді. Кезекші бригада тәулік

Жағдай көңіл қуантады. Мысалы осы Қарақұдықтың өзінде денсаулық сақтау пунктімен қатар спорт нысаны да бой көтеруде. Мұндай келеді істен жергілікті белсенді азаматтар да қалыс қалмауда. Шыны керек болып жатқан игі өзгеріске көзіміз қуанып, көңіліміз тоғанада. Келешекте бұл алақан-дай ауылдың бар азаматының жаны да, тәні сау болып, әлем чемпиондары шығып жатса таңы-



• ҰЛТ ПЕН РУХ

Қоршаған орта

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

(Басы газеттің №№ 86, 89, 92, 95, 100, 103, 106, 112, 115, 118, 123 сандарында)

Қытайдағы ғажап оқиға
«Белгілі түрколог Нұрлан Кенжеахметтің айтуынша, 1992 жылы Терешенко Қытайға Қазақстан үкіметінің делегациясын бастап барыпты. Қытайлар Кеңес үкіметінің шапанынан шыққан ел деп орыс тілді аудармашыларды әзірлеген көрінеді. Түлкібастың тумасы Терешенко қас қылғанда ұшақтан түсе салып, қазақша сөйлепті. Қытай жағы сасып қалып, шұғыл Ұлттар университетінде оқитын қазақ студенттерді шақыртып, Қазақстан жағы кеткенше оларды ұстап отырыпты. Сонда, Қытай газеттері: «Мына Қазақстан деген не деген мықты мемлекет. Өзі Кеңеске отар ел болса да, орысты қазақша сөйлетіп отыр» деп жарыса жазған екен...» (ФБ-дан).

Сондағы ұлы мәртебемізді ұстап, тұра бергенде ғой?!

Ұстап тұра алмадық! Ұстап тұрғанда «Менің жер бетінде аяғым тимеген аймақ жоқ. Өз еліңде өзі өгей боп, өз тілінде өзі сөйлей алмай отырған қазақтай сорлы елді көрмедім...» деген еттен өтіп, сүйекке жететін кесіріл сөзді естімейтін едік қой?! Естідік!

...Сол Қытайда енді жоғары оқу орындарындағы тестке «Басшылары мен халқы өзінің мемлекеттік тілінде сөйлемейтін ұлт – кім?» деген сұрақ енгізіп, жауабына «Қазақтар» деп жазып қойыпты! (Жарқын Сәленұлының ФБ-дағы парақшасынан).

«Ару латын әлі он сегіз жасында...»

Бір кезде Кирилл, Мефодий дейтін болғар монахтары сомдаған, аргы тегі грекке тірелетін, бүгінгі орыс жазуы – Кириллица әліпбиі қазақ халқы үшін ұлы тарихи миссиясын адал атқарып шықты деуге болады. Санаулы жылдар ішінде осы әліпбимен саликалы елге айналдық. Қазан төңкерісінің қасіретіне қарамастан, бұрынағы одақтастар ішінде ордалы жұрт,

іргелі ел болдық. Кириллица дүниеге көзімізді ашып, көкірегімізге нұр құйды. Бойында Менделеевтің бүкіл ғылыми элементтері табылатын ұлан-ғайыр территориясы, Ғылым академиясы, ірі өндіріс орталықтары, қуатты өнеркәсібі бар тегеурінді республика болдық.

Осы әліпбимен қазақ совет әдебиетін сомдап, «Абай жолы» дәуірнамасын, дүниеде теңдесі жоқ қазақ поэзиясын туғызып, әлемдік әдебиеттің інжу-маржанын өз тілімізге қотарып алдық.

О, Кириллица, – Ұлы Мәртебелі Орыс Әліпбиі, Сен адамзат мәдениетінің алтын арнасының бірі һәм бірегейісің!

Қазақ сахарасына Пушкинді алып келген – Сен! Сен бізге Абайдың жүрегін тербеп, Тағынаның әні болып келдің!

Пушкинмен бірге пушқаң да келген еді... Оған сенің кінәң жоқ еді. Әлихан мен Ахметке, Сәкен мен Мағжанға жабылған жалаға да сенің қатысың жоқ еді! Оған орыс тілі, орыс әліпбиі жазықты емес, онбаған отаршылдық ой пиғыл, империялық кердең кеудемсоқтық, орыстың өзіне де опа бермейтін шыныжыр балақ, шұбар төс шовинизмі кінәлі болатын!

Бізді ХХІ ғасырға жетектеп алып келген – Сен!

Адамзат қауымдастығының алтын бекетіне ат шалдырып, жан-жағымызға қарап тұрсақ, дүниенің көші басқа жаққа бет алып барады екен. Елу шақты ел бізге қара үзіріп кетіпті: әліпбиі – Латын, әдебі – өзгеше, әлемі де – бөлек. Сол көшке біз де ілесуіміз керек! Бүгін ілеспесек, ертең көштен қалып қоюымыз мүмкін: қанатты елдер, санатты ұлттардың бәрі де латын әліпбиімен қара танып, ғылым мен техниканың дамуына өзгеше үлес қосып жатыр.

Олар биікке шыққанда, біз етекте қалып қойдық.

Компьютердің тілі де – латын.Түркі тілдес ағайындардың да әліпбиі – осы. Бұдан жетпіс-сексен жыл бұрын іргеміз бөлінген, тілі де, діні, ділі, түбіміз бір түркімен басымызды қосып, төрт құбыламызды қашан түгендейміз?!

V-VI ғасырдағы көне Орхұн

жазуынан Күлтегін жырын да криллицаға көшіріп алған ақылы кемел, зерек жұрт едік қой. Күллі ұлттық қасіретімізді, бодан ой-болмысымызды көшкен жұртқа тастап, орыс жазуына орасан зор алғысымызды айтып, сондағы ұлы қазынаны соны әліпбиге қотара көшіріп, Қасиетті Латынға жеткен күні Алаш жұрты да адамзат көшіне ілесіп жүре берер еді...

Латын әліпбиін тұтынатын елдердің көпшілігі біреуге бодан болмаған, құлдық сезімі жоқ, қожайындық қасиеті мол елдер екен. Еңсемізді тіктеп, ел боламыз десек, сол елдер кенелген арда ақыл-ой, сезімге біз де кенелуіміз керек!



«...Қазақтың ұлттық партиясы болған...»

Қазақ қаламгерлерінің көптен күткен ХІІ құрылтайы өз жұмысын тәмамдады. Әлемде жазушылардың көптігі жағынан ең бірінші орынды француздар иемденеді екен. Екіншісі – орыстар. Үшінші орында қазақтар тұр. «Дегенмен де, бізде жиырма шақты ғана сөз шеберлері бар ғой, – деді Сәкен Жүнісов. – «Литературная газетада» өзбек жазушысы Мирсаид Миршаһар КСРО жазушысының бірінші съезіне жазу-сызуы жоқ қазақтан Жамбыл ғана қатысты деп жазғанда, Ғабен (Ғ.Мүсірепов) соған қатты налып, «Бұл съезге Сәкен, Бейімбет, мен қатыстым, Жамбыл болған жоқ. Мен қазақты білмейтін Миршаһарға ренжімеймін. Соның сөзіне түзету жасамаған қазаққа ренжимін деуші еді. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» дәуірнамасын роман емес деген шу көтерілгенде, нанын Абай мен Әуезов-

тен тауып жеп жүрген қаратаяқ ағаларымыз үнісіз қалды, соған ренжимін...»

Қазақтың бір-біріне деген қатыгездігі хақында бұдан артық айтудың қажеті жоқ енді...

Құрылтайда Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне әдебиетте өз беті жоқ, талант қарымы күмәнді, кездейсоқ адамдардың өтіп жатқаны қатаң сын тезіне алынды. Ұлттық уызды тәрк етіп, батыстық қызыл-жасыл жылтыраққа құмарлық та асыл сөздің абыройын айрандай төгеді. Дәлдүріштік (халтура) пен графомандық бұдан бұрынырақта бойын жаза алмай, көптің көзіне түсе алмай, күпті болып жүруші еді, нарық оларды да жарылқап

жатыр. Алдағы уақытта дарынсыздардың тайрандап кетуіне, мүлде тыйым салып, жазушылар қатарына тұяқ іліктіретіндердің жазған-сызғанын қатаң екішеп, іріктеуге ерекше назар аудару керек.

Қазақстан Республикасы мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед өз сөзінде биылдан бастап, мемлекеттік тапсырыспен шығатын шығармаларға қаламақы төленетінін, әдеби туындыларды басып шығаруға бөлінетін қаржы бұрынғыдан гөрі 150 пайызға ұлғаятынын тілге тиек етті.

Құрылтайды заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Мағауин қорытындылады. «Тоталитарлық заман тұсында, – деді ол, – Қазақстан Жазушылар одағы қазақтың ұлттық партиясы болды. Оны енді жасырудың керегі жоқ. Халықтың рухын, мәдениеті мен тарихын, бәрін біз ұстап тұрдық».

Рас сөз! Тоталитарлық тепкінің тұсын-

да басы төмен түспеген бірен-саран пенде болса, ол қазақ жазушылары еді. Сталиндік репрессияда көктей қырылған да осылар-ды. Көкірегімен көк тіреген Колбиннің бетін қайтарып, көзін шұқыған да осы Қазақстан Жазушылар одағы болатын...

Мұхаммед (с.ғ.с.) менен кейін бұл дүниеге пайғамбарлар келмейді. Ақындар келеді! – деген. Бұл енді адамзат қоғамдастығындағы пайғамбарлық миссияны ақындар атқарады деген сөз-ді.

Пушкиннің «Пайғамбар» атты өлеңінде Тәңірі ел-жұртына бір ауыз лебіз айтсам деп, қолына қалам ұстаған адамның көкірегіндегі өлі етті суырып алып, оның орнына берісі – ұлтының, әрісі – адамзаттың асау рухы атойлаған асау жүректі ат ойнатып қоятыны хақында айтылған. Өлең емес – «Інжілдің» хикаясы бұл: Күлдіайң осындай рухани операциясынан аман қалған адамның құлағына тірі жанға естілмейтін сиқыр дыбыстар шалынып, көзіне өзінен басқа жұмыр басты пендеге көрінбейтін құбылыстар көрінеді. Оның атын «Поэзия» дейді.

Пушкиннің өзін пайғамбардай сезінетінінің түбі сол тәңірлік тезден төркіндейді. Қолына қалам ұстағанның бәрі жер бауырламай, өздерін Пушкинше ұстағанда, Алла адам баласынан дәл бүгінгідей теріс айналып кетпес еді...

Пушкиннің пайғамбарының тебіренісіне кенеліп, тереңіне бойлай алмаған пенденің қолына қалам ұстауға хақысы жоқ! Мағауин сол тұңғықтың тереңіне жеткен соң телегей-теңіздей тебіреніп, жазушының пайғамбарлық миссиясын атқарып кетті...

Мағауин еліне өкпелеп кеткен жоқ. Жұмыр басты пенденің кеудесінде өкіе ғана болса, Мағауинде ондай дүние жоқ қой – Жүрек қана бар-ды! Неге шетел асып кеткенін «Орталық Қазақстанға» берген сұхбатында өзі айтқан: «Чехия өзінің елдігін сақтап, еуропалық болмысын айқындап отырған кішкентай ғана ел. Әуел бастан ел болудың дұрыс жолын таңдай білген жұрт. Ең ғажабы, мұнда алаңсыз тірлік етіп, көсіле жазуға мүмкіндік мол» деген.

Мағауин Абайдың тізесіне келгенде оның тобығында қалған жазармандардың оған ақыл айтуы асылық болады. Мағауиннің аспанында – Алла, арқасында – Абай, алдында – Алаш жұрты тұр ғой!

(Жалғасы бар)

• ҚАРАҒАНДЫ ҒАЛЫМДАРЫ

Ұлт мүддесін қорғаған ғалым

Өмірін Қазақстан ғылымына адалдықпен арнаған ғалымдардың бірегейі Арқа жерінде туып, әлемге аты жайылған Бакия Атшабаров. ХХ ғасырдың 30-жылдары Сарыарқаның алтын тәжі аталған Қарқаралыдағы зоовет техникумда оқып, қанатын қияға сермеп ұшқан жас Бакия Алматыдағы медицина институтына оқуға түсіп, 1942 жылы бітіріп шықты. Оның өмір жолын зерттеу барысында жинақталған құжаттардан оқу бітірген жас маманның Қызыл әскер қатарына шақырылуынан оның екінші дүниежүзілік соғыс майданына қатысқандығын анықтадық. Сонымен қатар Қызыл әскер қатарындағы Бакия 32-ші жекеленген танк полкінің санитарлық қызметтің аға дәрігері ретінде жауынгерлерді ажалдан сан мәрте арашалады. Осы ерлігі үшін ол II мәрте «Қызыл жұлдыз», «II дәрежелі Отан соғысы» ордендерімен және медальдармен марапатталды. Сол марапаттардың ішінде 1945 жылы 25 сәуірде майор Бакия Атшабаровқа совет одағының бас қолбасшысы маршал Сталиннің Германияны қоршаудың аяқталуына байланысты берілген Алғыс хаты бар екен. Ал Майданнан келген соң 1946 жылы оның ғылым саласындағы өмір жолын шартты түрде 4 кезенге бөліп қарауға болады.

Бірінші кезеңі – 1946-1950 жылдардағы Қазақ ССР ҒА-дағы аспиранттық кезеңі. Осы кезеңде болашақ ғалым Өлкелік патологиялық ғылыми-зерттеу институтында жас ғалым аспирант ретінде ғылымда алғашқы қадамдарын жасайды. Екінші кезең – 1952-1984 жылдардың аралығында ғылымдағы өз орнын нық таныған кіші ғылыми қызметкер, директорының орынбасары, институттың директоры деңгейіне көтерілді.

Үшінші кезең – 1984-1994 жылдары институттың ғылыми кеңесшісі ретінде Қазақстан медицина ғылымының негізгі салаларының қалыптасуына және дамуына ерекше үлес қосты.

Төртінші кезең – 1996 жылдан өмірінің соңына дейін институттың Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің гигиена және эпидемиология ғылыми-зерттеу орталығының құрметті директоры ретінде Тәуелсіз Қазақстанның медицина саласының дамуының теориялық және практикалық негіздерінің тұжырымдамасын жасады.

Біздің жерлесіміздің медицина саласындағы ерен еңбегінің бағалануы мынадан көрінеді: 1961 жылы Қазақ ССР-на еңбек сіңірген дәрігері, 1968 жылы медицина ғылымының докторы, 1969 жылы профессор атағына ие болды. 1975 жылы Ұлттық академияның корреспондент мүшесі. Ал, 1999 жылы Қаныш Сәтбаев атындағы мемлекеттік жүлденің иегері атанған. Осындай ерен еңбектің нәтижесінде Бакия Атшабарұлы 2000 жылы «Құрмет» орденінің иегері, 2003 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі атағына ие болған

көрнекті тұлға. Ғалымның 200-ден астам кешенді еңбектері жарық көрген. Оның ғылыми жетекшілігімен 28 жас зерттеуші ғылым докторы және 250 ғылым кандидаттары ғылым саласына өз үлесін қосатын атақты ғалымдар атанды. Осы ғалымдар өз ұстазының ғылыми жетекшілігімен өзіндік бағыттарының дамуына өз үлестерін қосты. Соның бірі бүгінгі күні «Саламатты Қазақстан» ұлттық бағдарламасының негізгі теориясы мен практикасының авторы – академик Төрегелді Шарманов.

Академик Бакия Атшабаровтың Семей полигонындағы ядролық сынақтарының зардаптарымен қатар тағы да ерекше зерттеген мәселелерінің бірі – еңбек гигиенасы және түсті металдар өндірісіндегі мұнай өңдеу саласындағы кәсіби аурулардан сақтандыру, қорғасынның зардаптарынан адамның жүйкесіндегі өзгерістер және ауыл тұрғындарының денсаулығын сақтау мен дұрыс тамақтану туралы ғылыми зерттеулер. Осындай ерен еңбектің ең қиын кезеңдері 1957-1960 жылдардағы оның тікелей басшылығымен Семей аймағындағы ядролық қаруды сынаудың жергілікті халықтың денсаулығына тигізген әсері жөніндегі кең көлемдегі ғылыми экспедиция жұмысы болды. Экспедиция барысында адам ағзасына әсер еткен радиоактивтік материалдардың зардабын ғалым «Қайнар» синдромы деп атады. Бакия Атшабаровтың жинаған объективтік ғылыми ақпараттары полигон аймағында және оған жақын жерде орналасқан халыққа зиянды екенін көрсетіп, ғалым өзінің арнайы мақалаларында дәлелдейді. Бірақ та 1961 жылы



Мәскеуде өткен (ӨӨК) әскери өнеркәсіп кешенінің генерал-лейтенант А.Бурназиян бастаған өкілдері және биофизика институтының директоры профессор А.Лебединскийдің тобы «ядролық сынықтың адам денсаулығына зияны жоқ» деп Бакия Атшабаров жетекшілік еткен ғылыми экспедицияның ғылыми қорытындысын жоққа шығаруға ұмтылды. Қасиетті Абай туған жердегі 40 жылдан астам жасалған ядролық сынақтың зардаптарының қазақ халқының денсаулығына ғана емес, әлемдік экологияға да зардабын тигізгендігін бүгінгі күні әлем жұрты білді. Тәуелсіздік алғаннан кейін, Семей полигонының ядролық зардаптарын дәлелдеген Бакия Атшабаровтың бастауымен жүргізілген кешенді экспедицияның ғылыми нәтижелері туралы 12-томдық еңбек бар екендігі белгілі болды. Алайда бұл еңбекті Кеңес үкіметінде Қауіпсіздік Комитетінің тікелей бақылауымен беймәлім күйде сақталып келген. Б.Атшабаровтың Семей полигонындағы ядро-

лық сынақтың зардаптары туралы кезінде дәлелденген ғылыми жаңалығы «Невада-Семей» антиядролық қозғалысын тудырды және Семей полигоны жабылып, бүгінде оның арманы орындалды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Семейде онкологиялық диспансердің радиологиялық орталығы ашылып, балаларды оңалту орталығы салынуға және «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» Ұлттық жобасы іске қосылды.

Бакия Атшабаровтың еңбектерінде бүгінгі күні тау-кен өндірісі кеңінен дамыған Орталық Қазақстанның өнеркәсіп орындарындағы экологиялық және жұмысшылардың денсаулығы мен өндірістегі қауіпсіздік мәселесіне ерекше көңіл бөлу туралы ұсыныстары жан-жақты, нақты дәлелдермен берілген. Соның ішінде қорғасыннан, мұнайдан, көмірдің шаңынан уланудың қауіптілігі туралы ғылыми-зерттеулері бүгінгі күнде өзекті болып саналады. Оның еңбектеріндегі ғылыми қорытындылар бүгінгі Қарағанды шахтасындағы өзекті мәселенің бірі екендігі ХХ ғасырдың 50-60 жылдарында жазылып, Мемлекет басшыларының назарын аударған.

Бакия Атшабаровтың әмбебап ғалым екенін мақтанышыпен айтуға болады. Оның еңбектерінің ішінде тарихты жазуда тарихи деректерге ерекше көңіл бөлгендігін көруге болады. Қарқаралы жеріндегі таңбалы тастардың маңыздылығы туралы бірнеше мақала жазған. Сонымен қатар қазақ халқының салт-дәстүріне, тіліне байланысты да терең тұжырымдамалық пікірлерін білдірген еңбектері бар. Сондай мақалаларының бірі

– «Очерки по истории народный медицины Казахстана» мақаласында ғалым Ұлы Дала еліндегі қазақ халқының емшілерінің ауруды анықтау (диагноз қою) емдеу тәсілдерінің маңыздылығына тоқталады. Қазақ фольклорындағы аурудың алдын алу және емдеу жолдарының әртүрлі тәсілдерін көрсете келе, тарихи этнографиялық материалдардан қазақ қоғамындағы бақсылықтың шығуын және оның емдеуін баяндайды. Осы мақаласында халық медицинасындағы ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан емдеу тәсілінің бірі сүйектің сынығы, шығып кеткен сүйекті қалпына келтіру әдістерінің қазіргі травматология ғылымында өз орны бар екенін көрсеткені. Ғалымның жан-жақты білімдер екендігін археологиялық қазбалар кезіндегі табылған ота жасаған адам сүйектерінен сонау көне замандағы дәрігерлік қабілеті бар интеллектуалды адамдар өмір сүрді деген қорытынды жасауынан да көруге болады. Атақты ғалым тек қана медицина саласында ғана емес қоғам дамуындағы адамның тарихи рөлін де тани білген тұлға. Сондықтан да, оның еңбектерінде бүгінгі күні отандық тарихымыздағы арнайы зерттеу тақырыбына айналған «Тұлғатану» және «Күнделікті өмір тарихы» нақты деректерді талдағандығын көруге болады. Олай болса, Бакия Атшабаровтың «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу бағытына қосқан үлесін жеке зерделеуге болады деп ойлаймыз.

Сарыарқадан шыққан әлемге аты танылған жерлесіміз Бакия Атшабаровтың рухани мұрасын зерделей келе, бүгінгі қазақ еліндегі өзекті мәселелердің бірі – тіл туралы ұстанымдары екенін білдік. Оның 1959 жылы 15 наурызда «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген «Терминдік сөздерді дамыту туралы ойлар» деген мақаласында былай деп өзекті мәселені көтеріпті: «... Біз тіл маманы емеспіз. Бірақ ана тілі бәрімізге бірдей қымбат... Мәдениеті жоғары деп саналатын халықтардың қай-қайсысын алсақ та олардың бай әдеби тілі бірте-бірте жетіккен... Қазақ тілі – құнарлы, сөзге бай тіл. Халқымыз жердің байтақтығына байланысты сан сана-

лы тұрмысында әр алуан еңбек етіп, кәсіп қылған, осыған байланысты қазақ тілінде қазіргі ғылымның өндірістің, тұрмыстың басқанда саласына орай көптеген қажетті терминнің негізі бар. Біз сол негізді дұрыстап пайдалана білсек сөздік қорымызды байыта түсуге мүмкіндік толық. Бірақ қазір солай жасап отырмыз ба? – Жок... Осымен байланысты үнді халқының бір әңгімесі ойға түседі. Онда бір адам оқымыстыға: Дүниеде не оңай, не қиын деп сұрақ береді. Сонда оқымысты тұрып: «Біреуге кеңес беру оңай, ал оны орындау қиын» – деп жауап беріпті. Біз тіл мамандары тілдің тазалығы үшін күресуші, өндіріс, ғылым және мәдениеттің өсуіне байланысты жаңа терминдер жасаушы, жаңадан шыққан терминдерді дұрыс жолға қоятын қамқоршы болса екен деп тілейміз». Ғалымның осы пікірінен бүгінгі қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтудің бірден-бір жолы – яғни, жаратылыстану және қоғамдық ғылымдарда жаңа терминдерге ұлттық мазмұн бере отырып, жаңадану жағдайында оларды ғылыми айналысқа енгізуге болады деген тұжырымдамалық негізін көруге болады.

Біздің пікірімізше, бүгінгі Әділетті Қазақстан үшін ғалым-академик Бакия Атшабаровтың ғылыми рухани мұрасының тағылымы – қоғам алдындағы адамның денсаулығына ерекше көңіл бөлу. Ұлттық салт-дәстүрді бағалау, тасқа жазылған тарихтың маңызын түсіну, туған өлкенің тарихына деген құрмет, жастарға деген сенім, киім киюде, тұрмыста, қызмет орнында қарапайымдылық, сонымен қатар, ғылымның әр саласын ұлттық мүлде тұрғысынан зерттеу оның ұлтжанды азамат болғандығын көрсетеді.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырған АР 19678527-И-23 «Семей ядролық полигонындағы сынақтардың зардаптары «ядролық отарлау» саясатының нәтижесі ретінде» атты Жобаны іске асыру мақсатында жазылды.

Нұрсахан БЕЙСЕНБЕКОВА,
«Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, профессор

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Құрылыс – экономика драйвері

Кейінгі дағдарыстарда экономикада абдырамаған бірден-бір сала – құрылыс. Елдегі өзге өнеркәсіп-кәсіпорындар титықтағанда, ширьға түскен бұл құрылыс бүгінде де сол дөсінен жаңылған жоқ. Жауапты әрі күрделі бағыттың межесі осы күні биік. Елдің барлық өнір, аймағы тастан сарай соғып жатыр. Бұдан Қарағанды аймағы да тысқары қалмағаны белгілі. Жер-жерде әлеуметтік нысандардың, мәдениет үйлерінің, баспананың үздіксіз салынуы – бұған дәлел. Құрылыс та өзге сала секілді. Үкімет пен мемлекеттен қолдау көрмесе, болдырып қалуы кәдік. Сондықтан да, мемлекет күрделі салада дамуға тұса салатын сыбайлас жемқорлықтың тамыр жаймай, ашық әрі таза кәсіпкерліктің өріс алуына жағдай жасауды көздейді. Ал кеншілер мекеніндегі құрылыстың қарқыны қалай? Тынысын тарылтқан кері факторлардың бар-жоғын білмекке құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысы Мұрат Мағзинмен сұхбат құрған едік...

– Қарағанды облысы ел бойынша құрылыс жағынан алдыңғы лекте екені мәлім. Бұл құрылыстың жүруіне аймақта кедергілердің жоқтығын көрсетсе керек. Жалпы, соңғы жылдардағы құрылыстың көлемі неше есеге өсті өнірде? Меже қандай?

– Қазір облыстың әр аудан-қаласында құрылыс қарқынды жүріп жатыр. Соның ішінде, тұрғын үй құрылысы – өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму тетігінің бірі.

Негізі, облыста құрылыс жұмыстарының көлемі быылға 378 млрд.теңгеге жоспарланған. 9 айдың қорытындысында бұл жұмыстар 303,2 млрд.теңгеге орындалды. Былтырмен салыстырғанда 19,2 пайызға артық. Жыл соңына дейін меже 100 пайызға жетеді деп сеніммен айта аламыз.

Баспана құрылысына келсек, 9 айда Қарағанды облысында тұрғын үйді іске қосу көрсеткіші 363,247 мың шаршы метрді құрап, 2811 пәтер пайдалануға берілді. 10 айда пайдалануға беріледі деп күтілетін баспана көлемі – 365,306 мың шаршы метр.

– Әлеуметтік нысандардан бөлек, аудан-қалаларда, облыс орталығында тұрғын үй құрылысына бұқара қуә. Баспана құрылысы тұрғындардың сұранысын толық қанағаттандыра алды ма?

– Он айда ойға алған бірқатар баспана құрылысы мәреге жетіп, тұрғындарға табысталып та үлгерді. Мәселен, жалға берілетін Шахтинск қаласында 60 пәтер, Абай қаласындағы 80 пәтер, Шет ауданы Ақадыр кентіндегі екі 12 пәтерлі үй тұрғындарға табысталды.

Бұдан бөлек, жыл соңына дейін 6 өнірде мемлекеттік тұрғын үй құрылысы аяқталады деген батыл жоспар бар. Тарқатып айтсақ, Қарағанды қаласындағы «Шапағат» тұрғын үй кешенінің № 3,4 блок-секциясы, Қарағанды қаласында 90 пәтер және Белинский көшесіндегі 9 пәтерлі үйдің иелері қоныстойын тойлайды. Сондай-ақ, Теміртау қаласында 60 пәтерлі үй, Бұқар жырау Ботақара кенті-



де ұзынсаы 48 пәтерді құрайтын 4 үй, Қарқаралы ауданында 2 үй (36 пәтер), Осакаровка кентінде төрт 18 пәтерлі және алты 2 пәтерлі үй (84 пәтер), Ақтоғай ау-



даны Шашубай кентінде 100 пәтерлі үй бұқара игілігіне беріледі. Балқаш қаласындағы 45 пәтерлі кредиттік үй де быыл тұрғындарын табады.

Сонымен бірге, быыл халықтың әлеуметтік осал топтарына 346 пәтер сатып алу жоспарлануда.

Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы тұрғын үйге мұқтаждардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды. Әлеуметтік тұрғын үйді пайдалануға берген сайын кезектілік өсе береді. Бұл үрдіс урбанизация, агломерация және тағы да өзге әлеуметтік себептерге байланысты.

– Сапаға қазір сын жиі айтылады. Осы орайда құрылыс алаңына жауапсыз мердігерлерді жібермеу үшін құзырлы орган ретінде басқарма тарапынан қандай қадамдар жасалды?

– Басқарма барлық жұмыстарды ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес атқарады. Жауапсыз мердігерлермен портал арқылы келісімшарт бұзылып, сот шешімімен жосықсыз қатысушы тізіміне енгізіледі. Бюджеттік объектінің кез келген құрылысы инжинирингтік қызметтермен бірге қамтамасыз етіледі. Оларға авторлық және техникалық қадағалау жатады. Бұл қызметтер тапсырыс

берушімен шарт жасасады және құрылыс барысы бойынша бақылау функцияларын жүзеге асырады. Қабылданған міндеттемелер орындалмаған жағдайда тапсырыс беруші мемлекеттік сәулет құрылыс бақылау органдарына осындай компанияларға қатысты шаралар қабылдау үшін

жүгінеді. Лицензиядан айыруға дейін шаралар болуы мүмкін.

– Бүгінде ашықтық толық қамтамасыз етілген бе?

– Құрылыс басқармасы жүргізіп жатқан нысандарында ашықтық толық қамтамасыз етілген. Салынып жатқан объектілер жөнінде мәліметтерді біздің фейсбук, құрылыс басқармасының сайтынан көруге болады. Қосымша нысандар жөнінде ақпарат алу үшін басқармаға Өтініш беруге және сенім телефонына соғуға әбден болады. Құрылыс барысына күнделікті мониторинг жүргізу үшін объектілер бейнекамералармен жабдықталған.


– Мәдени, әлеуметтік нысандарға сұраныс қандай? Аудан, ауыл-аймақтарда бұл мәселе шешімін тапты ма?

– Мәдени, әлеуметтік нысандар құрылысына сұраныс өте жоғары. Быыл 2014 жылы басталған 200 төсек орынды облыстық көпбейінді балалар ауруханасының көптен күткен құрылысы аяқталды. Ескі аурухана ғимаратын отбасылық жатақхана ретінде қайта құру жұмыстары жүргізілуде. Денсаулық сақтау саласындағы жас мамандарға 94 пәтер беру жоспарлануда.

Бүгінгі таңда аудан, ауылдарда жаңа 20 фельдшерлік-акушерлік пунктін құрылысы жүріп жатыр. Барлық 20 нысанды желтоқсанда іске қосу көзделіп отыр. Бұл – сұраныстың бар екендігінің көрсеткіші. Ғ.Мұстафин, Ботақара, Ақтас кентінде, Приозерск қаласында, аудандарда дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысы жүріп жатқанын атап өткен жөн. Быыл қосымша білім беру саласында үлкен жобаның құрылысы басталды. Бұл – Пришахтинскідегі шығармашылықты дамытудың жаңа заманауи орталығы. Нысан 2024 жылы аяқталады. Облыста апатты мектептерді азайту мақсатында Бұқар жырау ауданы Новостройка ауылында және Қарқаралы ауданы Талды ауылында 2 жаңа мектептің құрылысы жүргізілуде. Мектептер 2024 жылдың 1 қыркүйегінен жұмыс істейді. Сондай-ақ, биыл Қарағанды қаласы Күнгей шағынаудан тұрғындарының сұрауымен жаңа мектептің құрылысы басталды. Мұның бәрінде басқарма тарапынан талаптың сақталуын қатаң бақылаймыз.

– Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Реформа – өміршең өзгерістер

«Күміс жас»: ұтқыр бағдарлама

Қалай десек те, орта жастағыларға кәсіби біліміне сай жұмыс табу оңай емес. Осы мақсатты ұстанған орта буындарға Үкімет «Күміс жас» бағдарламасын іске қосты. Бағдарлама елу жастан асқандарды жұмыспен қамтуға мүмкіндік беріп отыр.



Біздің кейіпкер Нәфиса Мұхитованың негізгі мамандығы – тігінші. Ол көптен қаладағы ательелерді аралап, жұмыс сұрап барған. Бірақ, жұмыс берушілер оны әртүрлі сылтаумен шығарып салған. Тәжірибелі тігінші «Күміс жас» бағдарламасында қалаған мамандығы барын естіп, қаладағы «Еңбек ұтқырлығы» орталығына келген. Нәфиса ханым бұл арадан іздегенін тапты. Енді ол сүйікті ісімен алаңсыз айналысады.

– Талай тігін цехтарына жұмыс сұрап бардым. Жауаптылар жасымды сұрағаннан кейін бірден бас тартады. Жас кезімде «Абай» тігін фабрикасында еңбек еттім. Қарағандыға көшіп келген соң, жаныма жақын кәсіппен айналысатын орын табылмады. Амалсыздан базарда сатушы болып, жұмыс істедім. Сонда да бұрынғы тігіншілікке оралғым келді. Жақында ғана іздеген жұмысыма орналастым. Ұжым жақсы, жалақысы да көңілімнен шығады, – дейді өз әлемін тапқан Нәфиса Мұхитова.

Айтпақшы, «Күміс жас» бағдарламасы кадр тапшылығына киліккен кәсіпкерлерге тиімді болып отыр. Ұтымды тұсы – кәсіпкердің жұмысшыға тағайындалған жалақысының тең жартысын мемлекет төлейтінінде.

– Бүгінде облыста 3 мыңнан астам бос жұмыс орны бар. Алдымен, үміткер жұмыссыз ретінде тіркелу керек. Содан кейін бос орынды таңдайды. Қазір жеке кәсіпкерлерден тігінші, аспаз, кондитер, есепшілерге сұраныс жоғары, – дейді «Еңбек ұтқырлығы» орталығы басшысының орынбасары Дәурен Қошқаралиев.

Айта кетерлігі, «Күміс жас» бағдарламасы үш жылға ұласады. Бұдан бұрын бағдарламаға зейнет жасына шығуға екі жыл қалғандар қатысатын. Жаңа талапқа сәйкес 50 жастан асқандар да жұмыспен қамту орталығына барып, білімін жетілдіріп, жұмысқа тұра алады.

Айтбала СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ

• ҚЫСҚА ӘЗІРЛІК

Коммуналдық қызметтің жаңа бағыты

Өткен қыста теміртаулық коммуналшылар тарапына жиі сын айтылатын. Енді олар жұмыстың жаңаша жағдайына көшіп, Теміртау қаласының әкімімен бірден 3 жылға келісімшартқа отырды. Қала әкімі Ораз Тәуірбековтің атап өткеніндей, аталған мәміле бойынша негізінен жұмыстың сапасына көңіл бөлініп, коммуналшылардан жылдың қай мезгілінде болсын тас-түйін даярлық талап етіледі.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс орталығында өзін-өзі ақтаған бұл тәжірибе қызмет көрсету нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз етіп, коммуналдық сала кәсіпорындарының жаңа техникалар сатып алып, машина-трактор паркін жаңғыртуына да мүмкіндік бермек.

Соған байланысты алдағы қаһарлы қыс қарсаңында қалада арнайы техникалардың тексеріс байқауы өткізілді. Жалпы, бұл маусымда ақ қар, көк мұзбен



айқаса 2 кәсіпорын мен қосалқы мердігерлер, 70 арнайы техника мен жүздеген жұмысшы жұмылдырылатын көрінеді.



Сол мердігерлердің бірі Қанат Жүсіпов өзірлінің қарамағында 10 техника барын және әр ауысымда 20 адам жұмыс істеп, қыс қарбаласына қажет 500 тонна түз бен құм-киршық тас қоспасын сатып

алғандарын айтады. Сондықтан осы қала тұрғындарының қыстың қатал сынынан қорқып, алаңдауына негіз жоқ.

ТЕМІРТАУ

Сарандағы серпіліс


Саран айналырған екі-үш жылдың ішінде өрлеуге бет бұрған шаһарға айналып шыға келді. Атап айтқанда, мұнда экономиканың әр секторына серпін беретін зауыттар ашылды.

Бұл орайда, алдымен ауызға ілінетіні – автобус шығаратын «QazTehna» зауыты. Оған 12 млрд. теңгеге жуық инвестиция құйылған. Бұл зауытта жылына 1200 қоғамдық көлік шығарылады. Қазір көлік құрастырылатын өндіріске жергілікті қала тұрғындарынан бөлек жан-жақтан жұмыс іздеп келушілер қарасы көбейіп келеді.

– Мен зауытқа қатардағы жұмысшы ретінде қабылдандым. Өндіріспен қатар өсіп, өркендеп келемін. Қуанарлығы, ұтымды тәжірибе жинадым. Бұл жерде осындай бағыт ұстанған үміткерлерге таптырмас мүмкіндік бар. Зауытта жаңадан келушілерге корпоратив университеті

жұмыс істейді. Онда арада білімді толықтырып қана қоймай, өнеркәсіптің сан қырлы құпиясын үйренуге болады. Өзімді жетілдірудің арқасында жарты жылда әжептәуір жетістікке жеттім, – дейді жас маман, «QazTehna» ЖШС жинақтау бөлімінің шебері Лияс Өмірбаев.

Отандық нарықты «Қазақстанда жасалған» маркалы тұрмыстық техникалармен толықтыратын күн алыс емес. Дәл осы Саран шаһарында «Silk Road Electronics» зауыты келер жылдан бастап толық қуатта жұмыс істеуге көшеді. Бұл дегеніміз, Сараннан жылына 1 млн. техника шығарылады деген сөз. Кәсіпорын




Реформа – өміршең өзгерістер

Өзбекстанмен бірлесіп ашылған. Өндіріс толық қуатына шыққанда қосымша 1 мыңға жуық жұмысшы қабылданады.

– Бүгінде 175 жұмысшы еңбек етуде. Әзірге 7 бағыт бойынша жеткізілген техникалар орнатылды. Жұмысқа әзірлік қарқын алды. Онымен бірге мамандардың білімін толықтыру да қатар жүріп жатыр, – деп мәлімдеді «Silk Road Electronics» ЖШС басшысы Талғат Әбдірахманов.

Қазақстанның ең ауқымды өнеркәсіп нысандарының қатарына енетін «Ка-



maTyresKZ» зауыты да Саранда. Мамандардың мәлімдеуінше, жобаның құны 220 млрд. теңгеге бағаланған. Кәсіпорында

жылына 3,5 млн. шина шығарылады. Зауыттағылар келешекте кәсіпорынның стратегиялық аясын кеңейтуді жоспарлап отыр.

Айтбала СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ

• ОҚЫДЫҚ, ПІКІР АЙТАМЫЗ

Мәди жайлы мәнді һәм мәңгі туынды

Қолыма, Қарағанды қаласындағы «TENGRI Ltd» баспаханасынан басылып шыққан «Тартыспен өткен ғұмыр» атты кітап түсіп, өлең жолдарымен жазылған естелікті бір демде оқып шықтым.

Бұл кітаптың негізгі материалы – Мәдидің жақын туысы Әждар Есмағанбетовтің өлеңмен жазылған естелігі. Әждар Есмағанбетов Егіндібұлақ өңірінде дүниеге келген. Ол – Мәдидің көзін көріп, әнін тыңдап, оны халыққа айтып насихаттаушы өнер иесі. Мәдиді 1915 жылы Қараөткел, Атбасар өңірінде айдауда болып, соңы Омбыдан ақталып шыққан соң қарсы алып, Керекуден елге алып келуге аттанған екі жігіттің бірі және Мәди өміріне қатысты көптеген оқиғалардың куәгері. 1993 жылы 96 жасында өмірден озған.

Шежіре бойынша Есмағанбет Асаннан, ал Мәди Қазыбек биден тарайды. Қазыбек би мен Асан – егіздер екен. Әждар бірінші жазбаларын Әди Шәріпovтің қолына берген. Ол жазбалар хабарсыз кеткен. Естелік қолжазба түрінде жазылып, 1980 жылы машинкамен басылған. Қолжазбада Мәди өміріндегі көптеген тарихи оқиғалар бар. Мәди ағамыздың өмір сүрген уақыттарындағы қатарлас, замандас бірталай адамдардың аттары аталады.

Қолжазбаны осы күнге дейін сақтап, әке аманатына адал болған қызы – Риза Әждарқызы. Риза Әждарқызы – Ақтоғай ауданы Шабанбай би ауылының келіні. Жолдасы Жақан Алтынбекұлы тұтыну және ауыл шаруашылығы салаларында ұзақ халыққа күзмет етіп, зейнеткерлікке шыққан. Бұл күндері Қарағанды қаласының тұрғындары. Әждар ақсақалдың бірталай қолжазбалары үлкен ұлы Қайдардың қыздары Өскемен қаласында тұратын Жаннада және Шымкент қаласында тұратын Гүлнарда сақталған.

«Әнші-композитор Мәди Бәпиұлы жайында Әждар Есмағанбетovтің өлеңмен жазған қолжазбасы бірінші рет баспадан шығып отыр. Автор Мәдиге қатысты өз көзімен көрген, өзі куә болған оқиғаларды баяндаған. Бұрын еш жерде бұл қолжазба жарияланбағандықтан Мәди Бәпиұлының өміріне қатысты бұрыннан белгілі мәліметтерді тың деректермен толықтыра әрі нақтылай түсөрі сөзсіз. Қолжазба көкдәптерде көп тарихи оқиғалар бар. Мәдидің өмірге келуі, әжесі Алшынбайдың бәйбішесі Мәжданның Мәдиді Өмірзақ бидің құрпала деген қызына атастырып, бесікқұда болуы, Мәдидің 1899 жылы Абай, Жаяу Мұса, Мұсатай Тәттімбетұлы, т.б. қатысқан Қоянды жәрмеңкесінде өнер көрсетуі, ағасы Қакабайдың құда болудан бас тартып, Өмірзақ биге берген қалың малын қайтарып алып кетуі, Мәдидің өзіне жақын туыс болып келетін қарындасы Уәзипаны құтқаруы, ағасы Қакабайдың Мәдиді түрмеге жапқызуы, Мәдидің Қарқаралы түрмесінде тұтқында болған күндері, Қараөткелге жер аударылуы, Көкшетау, Атбасар, Омбы, Керекуде болған кездері, уезд басшысының әйелімен кездесуі және 1914 жылы жалғыз мұрагерінің дүниеге келуі, Нығмет Нұрмақұлымен жолығуы және ол кісінің жөн сілтеуімен түрмеден ақталып шығуы, бірінші жары Қазинеден кейін Дина Бейсенқұлызын екінші жары етіп құда түсіп алуы, өмірінің соңғы сапары, өлімінің құпиясы және оны атқан Вася Иванович Шумаков дегеннің ұсталып атылуы, сондай-ақ, әнші-композитордың «Қаракесек», «Үшқара», «Кең Сарыарқа», т.б. әндерінің туу тарихы өлеңмен баяндалған»



делінген екен қолжазбада. Құрастырып, беттеп, компьютерге түсірген – Қазақстан Республикасы Журналшылар одағының мүшесі Қуандық Сәденов.

Кітап небары 100 данамен басылған. Оқырманның көбіне жеткен жоқ.

Қуандық бауырымыздың алғы сөзіне қосымша кітаптағы деректердің қайсыбірін Әждар әкеміздің қолжазбасындағы өлең жолдарымен айғақтай кеткенім дұрыс сияқты. Қолжазбада:


Үш құрсақта алты ұл туған егіз, Тұңғышы Қазыбек пен Асан егіз. Сәдібек пен Балапан екінші егіз, Бөденелі мен Құланшы үшінші егіз, – деген өлең жолдары Келдібек бидің әйелі өмірге үш егіз әкелгендігін, қолжазба иесі Әждардың әкесі Есмағанбеттің Асаннан туып, Мәдимен жақын туыстық қатынаста болғандығына дәлел. Оны Мәдидің мына жазған хаты да растайды.

Қадірлі Әжібек, Әждар – туыстарым, Әзірше жаман емес менің халім. Әнімен Ақылбайдың «Қалқа» деген, Ескерткіш Құдашама өлең жазғам. Мәдидің сол құдашасына жазған әні бұл күндерге жеткен бе? Жетсе айтушысы бар ма екен? Әннің қайырмасы: Махаббат жолың салт болар. Жас дәурен артта мақтанар. Ақ пейілді, қабілетті асыл жан, Ұмытылмай ескерткішң сақталар, – деп келеді.

Кітаптағы тағдыр тауқыметін көп көргені туралы өлең жолдарына негіз болған кейіпкердің бірі – Уәзипа. Уәзипа – қолжазба авторы Әждардың туған апасы. Өлең жолдарында Уәзипа тағдырына арашашы болып, құтқарып алуда қатты қайрат көрсеткен Мәди болмысы ерекшеленеді. (Уәзипаның баласы Жанша қазір Павлодар облысы, Краснокут ауданында мал маманы болып жұмыс істеген. Ал, немересі Фарида Жаппазқызы Әбдіхалыкова Семейде, облыстық ауруханада бас дәрігерлік қызметте болған. Аталған кісілер бұл күндері қатарда жоқ, өмірден өткен).

Тергеуші уезд адамдары Мәди туралы арыз жазған Қакабайға «куәң жоқ, сондықтан негізсіз жазған арызың үшін өзің жауапты боласың. Оны шешу жоғары жақтан сұралады» деген сылтаумен

600 сомды айла шарғымен алып, өтеміне Мәдиді Қараөткелге жер аудартуы да өлең жолдарымен келтірілген.



Бұл заңды Губернадан сұранамыз, Сіз үшін орындамақ бізге парыз. Шығыны бұл жұмыстың алты жүз сом, Семейге кісі барады айтып арыз.

Мәдиге жазылды үкім оңашада, Мұнысы ақша соты расында. Мәдиді шақырып алып оқыды үкім, Төрт жылға жер аударды тамашала. Мәдиден жауап алуға келген Каминин деген тергеушімен келгендер Мәдиді «қырғыз» деп мазақ етіп күлген ғой. Сонда, орыс тілінен хабары бар тергеуте келген Мәди мазаққа шыдамай, орысша «Арсыздар» деп беттеріне айтып салғаны өлең жолдарында тұр:

Сұраққа екінші рет Мәди келген, Қырғыз деп мазақ етіп уезд күлген. Мәдидің оған берген жауабы сол, Жазықсыз күлгендерді «арсыз» деген. Арсыз деген сөзге ақырып ашуланған уезд тергеушісіне Мәди айылын жимастан:

Мырза уезд, қатын емей неменесің, Сөзің жоқ, жер тепкілеп жүгіресің. Кеңсеңде өзің мықты, өзің Құдай, Асықпа, Алшынбайға жүгінесің, – деп атасының ел ортасындағы ықпалымен сес көрсетеді.

Тергеуші Каминин дегенге Мәди тарапынан айтылған сөздер орыс тілімен жеткізілген болуға тиіс. Оны Камининнің таңданысы мен қарамағындағыларға берген тапсырмасынан байқауға болады.

Қасында бұл Мәдидің кімдер болған? Орыстың тілін қалай біліп алған? Тұтқынның бәрін тегіс тексеруге, Келісіп бұл жағдайға сөз байлаған. Қараөткелде Омар мен Ахмет атты ықпалды адамдар уезд бастығы мен абақты бастығын Мәдидің жайын айтпаққа шақырып, сонда «бұл кім?» деген уезд бастығының сұрағына Мәди «Қаракесек» әнін Ахметтің үйінде Омар бидің қолдауымен айтады. Осы кездесуде уезд бастығының әйелі Татьяна отырады. Осы әнді тамаша орындаған Мәдиге уезд әйелінің пейілі кетеді. Мәдиді өз тіліне орайлы «Миша» деп атайды. Кейін уезд бастығы Омбыға, одан әрі Петерборға шақырумен кеткенде, Мәди мен Татьянаның арасы тіптен жақындайды.

Миша мен Татьяна құрдас болды, Татьяна олжасы бар – іш томпайды. «Ұл тапсам, атын Миша қоямын» деп, Жасаған күндіз шілде, түнде тойды.

Кейіннен уезд бастығы қырғыздарға күлкі боламыз деп Мәдиді Атбасарға жер аударды. Онда Мәдиді Омар би мен Ахметтің айтқан сәлеміне орай Аманбай Қарасартұлы деген ықпалды бай қарсы алып құрмет көрсеткен. Аманбай Қоянды жәрмеңкесінде Абайдың Жаяу Мұсамен кездесуі болған отырыста ән салған бала Мәдиді бірден таниды. Ол өлең жолдарында: Абайдың сөзін тыңдап дидарластық, Жасалды ұлы думан, құлақ астық. Ән салған сол жиында бала Мәди, Ер жетіп жігіт болған, міне, шындық, – деп келтірілген.

Мәдидің ән салудан басқа күй тарту да өнері бар екенін білетін Атбасарда Аманбайдың үйінде Бекен деген болыс Мәдиге күй тартуға өтінішін білдіреді. Өтініштің орындалғаны өлең жолдарында:

Мәдидің тартқан күйі – «Құлажорға», Айтылған әңгіме көп асқан қырға. Бір сөздің кезегінде – Бекен болыс, Мәдиге алғыс айтты, болған ырза, – делінеді.

Мәди Қараөткелде айдауда жүргенде елден Мәдиді құтқарамыз деп келген төрт жігіттің екеуі – Күлдебай мен Құлжа қолға түсіп қалады. Арада біраз уақыт өткен соң, ағайын-туыстан ақша жинап, Қарқаралыдан Сәкен деген ағайыны Қараөткелге келіп, босатып алады. Күлдебай мен Құлжа бастарын арашалаған соң, Атбасардағы Мәдиді іздеп шығады. Жолай Мәдидің «Қаракесек» әнін қонған ауылдағы жиын тойда айта жүреді. Атбасарда Мәдимен кездеседі. Атбасардағы ел қадірлісі Аманбай қаракесек жігіттеріне риза бола отырып, Қараөткел сотының шешімі түпкілікті емес екенін біліп, Омбыдағы өзінің танысы, бас тергеуші Кузнецов пен Сөйт Хасан деген хатшысына салмақ салып, мәселені шешуді сұрайды. Осы жолға жазықсыз жалалы тұтқын есебінде Мәди де баратын болып шешіледі.

Мәди Омбыға арнайы күзетшімен жетеді. Аманбайдың жазған хатын алған Сөйт Хасан осы қаладағы Нығмет Нұрмақовқа хат жолдап, Аманбайдың шабарманын сонда жібереді. Нығмет Мәдидің атынан губернияның тергеушісіне арыз жазады. Тергеуші жоқ болып, арыз тергеуші міндетін атқарушы Аманбайдың танысы хатшы Сөйт Хасанға түседі. Нығмет Нұрмақов пен қорғаушы Ережеп және Сөйт Хасан Мәди ісінің соңына түсіп жүріп, оны жазықсыз ұсталған адам ретінде босатып алады. Мәди Керекудегі өзі тұтқын пошташы болып жүргенде таныс болған Кәрібай дегеннің үйіне келеді.

Мәди босағаны туралы Үшқараға хат жазып хабар береді. Мәдиді Керекуден қарсы алып, қайту үшін қолжазба авторы Әждар мен Ергали деген жас жігіттер ел ұйғарымы бойынша жолға шығып, Керекуге келеді. Сондағы Кәрібайдың үйінде басқосу болады. Осы басқосуда Жарылғапберді әнші де болып, Мәдиге енді өз әнінің орындалып деп «Қаракесекті» шырақтайды. Мәди: «Сыйлығым, Жарылғапберді азырқанба, Байқасап шапан жапқан сыйым осы» – деп разылық білдіреді.

Мәди Үшқараға келді дегенді естіген Қакабай «Мәди үкім мерзімі аяқталмай

қашып келді» – деп уезд бастығын сендіріп, жол көрсетуге өзінің шабарманын қосып беретіндігін айтып, тергеуші мен екі солдат жібертеді. Мәди жайлауға сүйіншіге жіберген Әждардан бар жайды естіп қам қылады. Әкірендей кірген тергеуші мен екі солдатты қолға түсіріп, Омбы губернасының бас тергеушісі мен соты берген құжаттарын көрсетіп, осыдан үш жарым жыл бұрын күрең атын атқан солдатты танып, күрең аттың құны деп екі мылтықты алып және 50 сом айып төлеткізеді. Мәдидің ақталғаны туралы бар құжаттың дұрыстығын көріп, мойындаған уезд басшысы мен Қакабайдың амалы қалмайды.

1915 жылы жәрмеңке болып, оған Омбыдан Нығмет Нұмаков келеді. Нығметтің Омбыдағы жақсылығын бағалап, Мәди сәлем бере барады.

Патшаның 1916 жылы маусым жарлығы бойынша тек кедей мен жалшылар балалары тізілген тізімге қарсылықты Нығмет, Мәди, Ибрагим (Мәдидің атасы) қолдауымен Жайсақ бастаған халық наразылық білдірген соң, губерна бастығы 2017 жылы Қарқаралыға келіп, «халық толқуына басшы болды» деген күдікпен бұл үшеуін абақтыға қамайды. Үшеуі абақтыдан, Нығмет пен бір ұйымда (Совдеп) болған Зотов деген абақты бастығы болып келіп, сол кісінің көмегімен босатылады.

Мәди Ибрагимнің қызынан бала көрмеген соң, әйелінің рұқсатымен ағасы Сламбектің сөз салуымен Бейсенқұл дегеннің жалғыз қызы Динамен қалыңдықсыз үйлеседі. (Дина Павлодар облысы, Май ауданы «Чапаев» совхозында тұрып, кейіннен қайтыс болған)

1917-1921 жылдары Қарқаралыда ақтар мен қызылдардың арасындағы тайталастан дүрбелең туып, халық қатты абыржуға түседі. Қолчак әскерінің Семейге өтуіне байланысты Нығметтен келген хабар мен нұсқауға сәйкес, әскер жүретін жолдан алысқа ел көшіп жылыстайды. Осы жұмыстарды іске асыруда Мәди серіктестері Әждар, Құлжа, Ергали, Шолақ, Әбдіқалық, тағы басқалары бар, елді барынша аман сақтап қалуға көп жұмыстар атқарып, қарсылықтар көрсетеді.

1919 жылдың қараша айында Қарқаралыға Малаев деген келеді. Семейге келіп жатқан қызылдардың жан-жақтағы басшылыққа жіберіп жатқан адамдары Мәдиге ұнамайды. Осы мәселе бойынша губернаға Ашық хатпен өзі бармақшы болады. Бірақ, ол туралы өзі ұнатпайтын Малаевпен ақылдаспайды. 1921 жылы 1 ақпан күні кеште түрмеде жатқан достарына өзі тамақ апара отырып ақылдасып, жалғыз кеш қайтқанда жасырынған қаскүнем кім екені белгісіз, Мәдиді қарақұстан атып, қаза қылады.

Камал және Пәрменов Хасен деген азаматтардың көп ізденісінің нәтижесінде Мәдиді атқан Шумаков екені анықталып, кейін Иванов деген екеуі атылады. Шумаковтың ағасы Қарасу деген ауылда атаман болған. Бір кездері Қарасу поселкесін Мәди шапқанда Шумаковтың ағасы қаза тапқандығы күдікке себепкер болады. Оның үстіне Сергей деген күдікті шындықты айтып, күзегер болған.

Міне, Мәди Бәпиұлының өміріндегі осы жайлар кітап болып басылып шыққан Әждар Есмағанбетұлының өлең түрде жазылған қолжазбасына өзек болады. Мәди өмірін әрі қарай қызығып зерттеушілерге құнды деректердің ізін табуға кітаптың тигізер көмегі мол.

Төлеужан АХМЕТБЕКОВ,
мемлекеттік қызмет ардагері

• ҰЛАҒАТ

Ұлым, саған айтамын...

Соңғы уақытта жастар жайлы кінәмшіл пікір көбейіп, жастарды жаппай жазғыру үрдісі тыйылмай тұр. Жастарды кінәламас бұрын, үлкендер біз ұрпағымызға ұлағат болар сөз айтып, кең отырып кеңес құра алдық па деген сауалға жауап беріп көрейікші...

Мен де бүгін «Қызым, саған айтамын, келінім, сен тыңда» демекші, «Ұлым, саған айтамын, ұрпағым, сен тыңда» деген емеурінімді сүйікті газетім «Орталық» арқылы оқырманмен бөліскенді жөн көрдім.

Балам, таң бозарып ата бастағанда дүние есігін ашып, кешкі азан айтылғанда өмірден өтіп кеткен жандар, жеткілікті. Сондықтан, әр күннің қадірін біл!

Ақылңды, бойыңдағы күшті, аузыңдағы сөзді қашан, қай жерде айту керектігін білгейсің. Әйтпесе, бір күні жел ұшырған қау-

қарсыз жапырақ кейпіне түсерің анық. Ашуың мен нәпсің бір жақ боп, ақылыңды жеңіп кетпесің. Үнемі сабырлы, тұрақты бол, жігерлі болуға ұмтыл!

Ата-ананды құрметте! Береке үлкендермен бірге жүретінін есіңнен шығармағайсың! Бұл жалған да наным-сенімнен қол үзіп қалар болсаң, жап-жасыл күнің де құрап, шөлге айналасың. Ақ жарқын бол, ашық айт. Әр сөзді көңіліңе ала берме.

Көп білемдікке салынба, әр көргеніңді айта берме.

Өзінді жақсы көретін ортаға көп барма, сый-құрметтен айырыласың.

Үш кісіге жаның ашысын: надандар арасындағы ғалымға, байлығынан қол үзген кедейге, құрметке ие болып жүріп, абыройынан айырылған адамға.

Жоғары орынға жайғасқан-

дар төмендегілер сияқты алаңсыз отыра алмайтындығын ұмытпа! Ақ екенің рас болса, күресуден қорықпа!

Егер ұлдары әкесінің жолын қумаса, інілері ағасының сөзін тыңдамаса, күйеуінің әйеліне сенімі болмаса, әйелі күйеуін жүре тыңдаса, енелер келіндерін ұнатпаса, келіндері енесін құрмет тұтпаса, ұлы адамдар қорғансыздарға пана болмаса, пақырлар даналар сөзін ұқпаса, басшылар қызметкерлерінің жүрегіне жол таба алмаса, айналасындағы адамдарды өз соңына ерте алмаса, игілікті басқа жандардан мол игеріп, байығандар басқалардың да баюына көмектесіп қол ұшын бермесе... Мына бес күндік өмірдің мағынасыздығы сол болады.

Басқа халықтың әдет-ғұрпы мен заңына, ақыл-парасаты мен адамгершілігіне менмендікпен



қараса, мемлекет тәртібін мойындамаса, ондай елде ұрылар мен суайттар, қылмыскерлер мен басқадай теріс жолға түскендер өз Отанының басына қара түнек орнатады. Басқаша айтқанда, ол елдің байлығы ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетеді. Мемсыздығы сол болады.

Егер әркім өз пигылын арамдық ойдан тазартатын болса, бүкіл ел ұры-қарыдан, зиянды әдеттен пәк болар еді. Момын халықтың арасында жүргенде момын бол, ал шайқасқа шыққанда, қызыл көрген қырандай шүйлік. Сөзді айтқан ба, ол жақсы ма, жаман ба, әзіл ме, шын ба, бәрібір оны қайтарып ала алмайсың. Сондықтан, әр сөзінді безбенге салып, салмақтап айт.

Ер кісі бір жерде отыратын, тұратын күң емес. Олай болса, ері ауылға, не жорыққа, іссапарға кеткенде әйелі ерінің отбасын көңірегітіп, үй-ішін үлбіретіп отыруы керек. Келген кісіге ерінің жоқтығын білдірмей, құрметтеп қарсы алып, дәмді тамағын беріп, адал пейілмен сыйлап жіберсе, өзінің абыройын арттырып қана қоймай, ел арасында ерінің де абырой-беделін асқар шыңға шығарады. Ер кісінің абыройы әйелінің адамгершілік қасиеттеріне тікелей байланысты. Керісінше, әйелі парықсыз, жүрген жерінде абыройсыз, ар-намысын аяққа басып жүрген бәдік болса күйеуінің де абыройы болмайды.

Арақ-шараптан ақыл да, пайда да, абырой да қайырымды мінез-құлық та, адамгершілік те күтпне. Ішуді тастай алмасаң, оған күш-жігерің жетпесе, шаманды байқап, мөлшермен іш. Арақты ішпесең, нағыз қадірлі адамсың!

Жұмабай МҰХАМЕДЖАНОВ,
зейнеткер

Хош бол, ақын аға!

Талантты ақын, біздің Жаңаарқаның тумасы – Бактыбай Аманжолов фәниден бақиға аттанды. Бүгін Сәкеннің Сарыарқасының, Жаңаарқасының бір құсы аспанға ұшып кетті. Біз қолымызға жаңа ғана қалам ұстай бастаған тұста Арқада оның атақ-даңқы аспандап тұр еді. Ол қазақ жырына:

Мен өзім Аманжолов Бактыбаймын,
Жүректен жыр фонтанын атқылаймын.
Сүйініп дос қараса қанаттанып,
Жақтырмай жат қараса жақтырмаймын! – деп Қасым ағасынша дауылдатып келіп еді. Бәріміз соның соңында жүруші едік.

Ол қамшының сабындай қыса гұмырында ақынша гұмыр кешті. Советтік-социалистік қоғамның тепкісін көріп, тар жол, тайғақ кешулерден өтті. Басын тауға да, тасқа да соқты. Ақыры ақындық миссиясын атқара алмай, өмірден баз кешті. Ол мына жарық дүниеде жолы болмаған шерлі ақындардың қатарын түзейді. Ел өмірдің балын сіміріп жүргенде, ол уын ішіп кетті.

Хош, ақын аға! Көкейінде қаншама



қасірет, шер кетті... Алдың – пейіш, артың – кеніш болғай.

Топырағы шаң борап,
Жасыны жарқырап,

Нөсері селдеген,
Түпкірде түпсіз бір қиядан шақырды от;
Ғылыми-Техникалық Прогресс келмеген
Жерден біз шыққанбыз ақын боп.

Әуелі қымызды сіміріп ішкенбіз,
Сонан соң шаһардың шарабын (лепіріп!);
Алатау бағына түскенбіз,
Абдырап пойыздан секіріп!

Жанымыз жабырқап, қанымыз кайнаған,
Қайдағы біреуге кектеніп.
Өмірді, өленді жайлаған
Қасаң қағидаларды жек көріп!

Топырағы шаң борап,
Жасыны жарқырап,
Нөсері селдеген,
Түпкірде түпсіз бір қиядан шақырды от;
Ғылыми-Техникалық Прогресс келмеген
Жерден біз шыққанбыз ақын боп.

Бір белгі жоқ сол бір күндерден,
– Жаксы емес – дейді жұрт – ол да аса?
Енді ақын шықпайды бұл жерден,
(Алаяқ, саудагер болмаса)...

Серік АҚСҰҢҚАРУЛЫ

Бақұл болыңыз, аға!

Бактыбай Аманжолов тұлпар талант иесі еді.

Арқалы ақын еді.

Алдымыздағы ақылшы ағамыз еді.

Тағдыр теперішін молынан тартып, ноктаға басы сыймай өтті.

Біз жазиралы Жаңаарқа ауданының қатар жатқан екі ауылынан едік.

Мен Атасу теміржол стансасынан, ол Өркендеу ауылынан болатын.

Ауылдың мектебінде оқып жүргенімде облыстық «Жезқазған туы» мен аудандық «Жаңаарқа» газеттерінде Бактыбай Аманжоловтың отты жырлары жиі жарияланып тұратын.

Жүрген аз ба аспанды аласа

Жарты бақыт – жар құшу,

Қалдырмайтын қайранда

Безбүйректер барады табасы

– деп келетін Бактыбай ақынның

отты да шокты жырларын газет бетінен құмарт ақитын едік.

Ағаның осындай өміршен өлендерін бала кезімнен қызыға оқып, атына сырттай жақсы таныс болып өстім. Ал өзімен студент кезімде таныстым. Бірден жанына жақын тартып, туған інісіндей көріп кетті.

Оның Қызмет, Ізтілеу деген інілерімен көңіліміз жарасқан дос болдық. Ал Қымбат пен Қарақат Әбілдина қарындастарын қазақ халқы жақсы біледі.

Бактыбай аға бүгін өзінің атақонысы – Жаңаарқаның Бесмаршал жайлауындағы бабалар қорымында Жер бесігіне жатады.

Топырағыңыз торқа болсын, Аға!

Өзіңіз өмірден өтсеңіз де, артыңызда сөзіңіз қалды.

Жасын жырларыңыз қалды. Бақұл болыңыз, Аға!

Төлеубай ЕРМЕКБАЕВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Өлеңі де, өмірі де тағдырлы еді

Дүниеден ақын өтті... Артында әкзер дүниеге інкәр аппақ арманы қалды. Бактыбай Аманжолов! Тым-тым алыс көкжиекке сіңіп бара жатқан бұла дәуреніміздің дидар ғайып сәттері сіре естен кетер ме?! Ең алғаш санамызға сәуле құйып, өлен дейтін өлкенің ертегідей әлеміне еліктіріп, қиялымызға қанат бітірген ақын ағамыз еді...

Өлеңі де, өмірі де тағдырлы еді... Өршіл жырларың оқығанда есімізге Махамбет түсетін. Қалай десек те сол кездегі жастардың жүрегіне Бактыбай ақын жырлары өшпес өрлік рухын ұялата білді.

Ақиқат жолы – көк тайғақ,
Кіріптар көңіл – күзгі орман.

Жүректе жатса от қайнап, Етегін ашпас ізгі арман! Тұлпардың бүтін тұяғы, Кеткем жоқ киіп кебін мен. Түнеріп барып, құяды Кәусарын бұлт та көгімнен! Бақұл бол, Бактыбай аға!

Аспан асты, жер үстін мекен-деген адамзат тарихында келместің кемесіне мініп, ғарыш көгіне сіңіп кеткен таланттар қаншама?! Сіз де мәңгілік нұрлы әлемге бет түзедіңіз. Поэзия кеңістігінде еркін самғар нағыз кемел жасыңызда, аядай ғана Байғұл ауылында руханияттан алыс, саяқ гұмыр кешкен, от жүректі, ақ тілекті арда ақынның алды пейіш, арты кеніш болғай!

Қойлыбай АСАН

Ақзер әлемнен ақын көшіп барады

Студент кезімізде Бактыбай ағаның «Армысың, әкзер дүние!» атты жергілікті баспадан жарық көрген жыр жинағын жастанып жатып оқитынбыз. Пышақтың қырындай ғана жұқа, бірақ, алмас кездіктей өткір жинақ. Ойларының салмағы – қорғасындай...

Сол жылдары Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы «АҚҚҰС» шығармашылық бірлестігінің Жезқазған облыстық филиалы бірқатар жергілікті қаламгерлердің кітабын шығарды. Сол жоба аясында белгілі жазушы Төкен Әлжантегінің «Дөңгеленген дүние», ақын, драматург, аудармашы Кенжебай Ахметовтің «Алағай да, бұлағай бір дүние» кітаптары жалғанның жарығына шықты. Қаламгер ағалардың осы қуанышын бөліскен басқосуда ағаларға еркелей беретін әдетіме салып:

– Сіздер бізге жазатын дүние қалдырмадыңыздар ғой, – дегенім есімде. Сонда Бақаң жарықтық:
– Дүние – төрткүл ғой, Ерсін-ау. Біз үшеуін жаздық, төртіншісін өзің түгенде, – деп еді.

Кеше ақын ағамның қазасын естіген сәтте сол күнгі осы әңгіме ойыма шырмала қалды. Шіркін-ай! Бактыбай ағам қалжыңға қалжыңмен жауап беріп қана қоймай, маған, менің қатарластарыма аяулы аманат арқалатып кеткен екен ғой...

Бактыбай аға – арлы гұмыр кешкен ақын. Атақ, арзан абырой дегенге қызықпаған екен. Тіпті, мұшәйраларға өлең беріп, жүлде үшін өлең жазған

кезі болмапты. Ол өмірдің өзінен өлең жасады. Өмірін өлеңге айналдырды. Қарызы болса, өленге ғана борышты болды.

Иә, ақынның қоңыр тірлігінің қолаптасы шоқтан жалынға айналды. Ол – өлеңнің отына шарпылған бекзат гұмырдың мәңгілік алауы.

Ар құсым ұшар.

Санам – Ақ,
Көзіне көпір құм үйе,
Қорғасын... Хакса –

Аманат!

Армысың, Ақзер Дүние! – деп атой сап келген арғымақ ақын «Қош бол, Ақзер Дүние!» деп айта алмай кетті.

Өтті өмір.
Өңез пығыл өзгермеген,
Адам аз – өзәзілге, сөзге ермеген.

«Қу тілмен, қулық сауған өңкей қиям»

Егілсер ер, аларман – көп, ездер керек.

Өксігем, мен де өзіндей жүз егілгем,
Жерініп жылуы жоқ мұз өмірден.

Өтінде өкпек желдің ақын жүрер

Тамшысын таңғы шықтың тізе білген.

Ұлы Абайға осылай мұң шаққан тағы бір қалам қанта-рылды.

...Ері ауып, шылыбырын сүйреген бір арғымақ көрсеңіз, кекілің тарап, маңдайынан сипай салыңыз. Ол иесі табытқа жайғасып, киесі көкке көтерілген Бактыбай ақынның жыр тұлпары болар...

Бақұл болыңыз, қазақ жырының баһадүрі!

Ерсін МҮСАБЕК

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы таны-мал ақын

Бактыбай АМАНЖОЛОВТЫҢ қайтыс болуына байланысты туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ғабидолла Мұқтарұлы ДОСМАҚТЕГІ

Адам өмірге келгеннен-ақ тағдыры пешенесіне жазылып қояды деп жатады, ол рас та шығар. Бір-ақ күнде, кеше ортамызда жайрандап, ойнап-күліп, «балаларым мен бауырларымның ортасында 60 мерейлі жасымды атап өтемін» деп жүрген Ғабидолла бауырымыздан қапияда айырылып қалдық. Алланың ісіне шара бар ма?!

Ғабидолла Мұқтарұлы Досмақтегі 1963 жылғы 19 қазанда Ақтоғай ауданы Сарыте-рек ауылында Мұқтар мұғалім мен үй шаруашылығындағы 14 құрсақ көтерген анамыз Күләштың отбасында дүниеге келген еді. Ауылдағы орта мектепті бітіріп, Отан алдындағы борышын өтеп келген соң ауылда автомобиль жүргізуші, киномеханик сияқты әртүрлі жұмыс атқарып, өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында Жезқазғанға барды. Ғабидолла жастайынан мерзімді баспасөз бен әдеби кітаптарды көп оқитын. Содан болар Байыту фабрикасының флотация бөліміндегі жұмысқа көңілі жатпады. Сол кездері елдің, өзінің дінге деген ынтыасы артуы себеп болды ма, ол Жезқазғанда ашылып жатқан медресенің алғашқы оқушыларының бірі болып тәмамдаған соң, 29 жасында Ақтоғай ауданының бас имамы болып тағайындалды. Кеңестік қысаң кезеңде дін жолынан алыстап кеткен жамағаты дінге тарту жөнінде көптеген жұмыстар атқарды. Медресе білімімен шектеліп қалмай Алматыдағы діни курсты да тәмамдап, Құранның қазақша нұсқасын тәржімалаған ағартушы Халифа Алтайдан дәріс, бата алды. Бауырымыздың діни, адами уағыздары да мағыналы, мәнді болатын, жамағат оларды ұйып тыңдайтын, тағылым алатын. Осы жылдың мамыр-маусым айлары Дін басқармасының ұйымдастыруымен өткізілген батагөйлердің алғашқы Балқаш қалалық, Қарағанды облыстық сайысында бірінші орынды иеленіп, республикалық байқауда да жүлдегер атанып еді.

Адамға, әсіресе біздің ұлтымызда, бауырдан асқан жақын, жанаушы адам жоқ. Ғабидолла көпбалалы отбасында тәрбиеленген бауырымыз болатын. Өзінің бір уағызында ол былай деп айтуды еді: «Мұсылманның бауыры алдында алты міндеті бар. Олар: оның берген сәлеміне жауап беру; шақырылған жерге бару; егер бауыры кеңеске мұқтаж болса, онда оған жұнайы кеңес беру; егер бауыры түшкіріп, «әл-хамду лиллә» (Аллаға шүкір) десе, оған «ярхамука Алла» (Алла сені жарылқасын), – деп жауап беру; егер ол ауырып қалса, оны зиярат ету; егер бауыры қайтыс болса, оның жаназа намазына қатысу». Ғабидолла осы міндеттердің соңғысынан басқасын бұлжытпай орындады. Ал соңғысын Алланың жазуымен бізге орындауға тура келді. Тағдыр солай болған соң амал нешік. Тура келген ажалға ешкім араша тұра алмайды екен. Қанша ізденгенімізбен, талпынғанымызбен бауырымыздың өмірін сақтап қалуымызға дәрменіміз жетпеді. Оның нұрлы бейнесі артта қалған отбасы, балалары, бауырларының жанында мәңгі сақталады. Бауырымыздың жатқан жері жарық, топырағы мамық болып, пейіште нұры шалқысын дейміз.

Еске алушылар: **жұбайы, балалары, бауырлары.**

P.S. Ғабидолла Мұқтарұлы Досмақтегінің 40 күндік асы 2023 жылғы 17 қараша күні сағат 11.00-ден бастап Балқаш қаласындағы «Космос» дәмханасында беріледі.

№595

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің тарих факультеті археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к. Қымбат Казалиевна Абдрахмановаға анасы

Зұбайра Әбдіқашымқызы АХМЕТОВАНЫҢ қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Тарих факультетінің ұжымы
№602

Қарағанды Шинсервис

ШИНАЛАР

• жеңіл автокөліктер үшін
• жеңіл жүк көліктері үшін
• тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
• арнайы техникалар үшін

Арнайы дилер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

БІЗ АҒАҢ ШИНАЛАР САТПАЙМЫЗ, БІЗ АРАҢДАҒУ БАҒАҒА САТАМЫЗ

Қарағанды қ., қойма: Асфальтная көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

• БӘРЕКЕЛДІ!

Озат студентке – Ермеков шәкіртақысы

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенті Артур Корбит – Әлімхан Ермеков атындағы стипендиямен марапатталды.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Артур Корбит – техникалық университетінің РЭТ (радиотехника, электроника, телекоммуникация) 22-2 тобының студенті әрі Abai team еріктілер корпусының еріктісі. Бала кезінен компьютерді, шағын тұрмыстық техниканы жөндеуді ұнататын ол сабаққа

да жауапкершілікпен қарайды.

– Белсенді өмір салтын ұстана отырып, айналымыздағы адамдарға көмектескенді ұнатамын. Abai team еріктілер корпусының көптеген жобаларына қатыстым. Біз сондай-ақ, ардагерлер мен тыл еңбеккерлеріне азық-түлік, дәрі-дәрмек сатып алуға, қар тазалауға көмектесеміз, – дейді Артур.

Конкурстық іріктеуден өткен



Артур Әлімхан Ермеков атындағы стипендияға лайық болуға тырысатынын айтады.

Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дің баспасөз қызметінің ақпаратына сүйенсек, көрнекті математик және «Алаш» партиясы көшбасшыларының бірі атындағы стипендия күндізгі оқу бөліміндегі 2-4 (5) курс студенттерге тағайындалады. Атаулы стипендияны әр семестр сайын белсенді қоғамдық-саяси қызметі, жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдардағы жетістіктерімен көрінген студенттер иеленеді.



Электрондық пошта:
ortalyk.kaz
@mail.ru



• ҚҰРМЕТ

Тарихи жүлдеге қол жетті

Біріккен Араб Әмірліктерінің Рас-эль-Хайма деген қаласында шағын футболдан әлем чемпионаты өтті. Байрақты додада Қазақстанның намысын қарағандылық «Биосфера» командасы қорғады. Қатысып қана қойған жоқ, айды аспаннан бір-ақ шығарды. Жерлестеріміз Әлем біріншілігінде II орын алды. Қазақстан осыған дейін әлем біріншілігінде күміс медаль алмақ түгілі, плей-офф кезеңіне де шықпаған. Данкымызды аспандатқан спортшыларды облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын қабылдап, құрмет көрсетті.

– Команданың бұл құрамы ұзақ уақыт іріктелді. Үздіктердің үздігін ғана таңдадық. Осы құрам талай додаларда сәтті өнер көрсетті. Қалалықтан бастап республикалық турнирлерде топ жарды. Сол жарқын жеңістерден кейін, әлемдік деңгейдегі додаларда жеңіске жете аламыз



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Биосфера» командасы әлем чемпионатында жасындай жарқырап, сенсация жасады. Жерлестеріміз плей-оффта қазіргі әлем чемпиондары Мексика құрамасымен кездесті. Қарсылас матчтың айқын фавориті еді. Өйткені, Мексика жаяндық ареналарда талай жылдан бері атой салып келеді. Бірақ, «Биосфера» атағы дардай ұжымды тізе бүктірді. Содан кейін Еуропаның үздігі – Чехия құрамасын да ұтты. Жартылай финалда өткір шабуылға әкелгенген Әзірбайжаннан айласын асырды. Ал, ақтық сында әлемнің 6 дүркін чемпионы Румыниямен ойнады. Футболшыларымыз атағы жер жарған қарсыласқа бірден екі гол соғып, алға ұзады. Дегенмен, румындықтар ойын уақыты аяқталғанша таразы басын теңестіріп үлгерді. Есеп – 2:2. Кубоктің тағдыры пенальтиде шешілді. Пенальтиде Румынияның бағы жанды. Бірақ, қақпашымыз Александр Рушинас чемпионат ойындары кезінде жасаған үздік сейіттері үшін «Әлемнің үздік қақпашысы» атағын алды. Бұл атақ та осыған дейін қазақстандықтарға бұйырмаған.

Әлем чемпионатын тамашалаған шағын футболдың мамандары Қазақстан құрамасын биылғы чемпионаттың сенсациясы деп, жарқын жеңістерін айрықша атап өтті. Елдегі тақым қысып отырған ерлер де жолынан жығылмады. Футболшыларымызды Ерлан Құсайын салтанатты түрде қабылдап, құрмет көрсетті. Сонымен қатар, қарағандылықтардың және облыс әкімінің құттықтауын жеткізді.

– Сіздер еліміздің көк байрағын желбіретіп келдіңіздер. Бұл – Қазақстан үшін



Сурет ашық дереккөзінен алынды

тарихи жеңіс екені сөзсіз. Әсіресе, Қарағандының жұрты айрықша қуанғанын жеткізгім келеді. Сонау Біріккен Араб Әмірліктерінен жеткен сүйіншілі хабарды естіп, төбеміз көкке екі елі ғана жетпей қалды. Бұл жетістік кеншілер шаһарындағы шағын футбол мектебінің деңгейін көрсетті. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпастың құттықтауын қабыл алыңыздар, – деді Ерлан Құсайын.

«Биосфера» командасының бас бапкері Павел Таку бұл жеңіс әлі бастауы ғана деп отыр.

деген зор сенім пайда болды. Сенімім ақталды. Әлемнің үздік құрамаларын қапы қалдырдық. Ешбірі бізден мұндай ойын күтпеді. Мүз жарған кемедей мәреге қарай бағыт алдық. Енді алдымызда Еуропа чемпионаты тұр. Соған дайындықты бастап кеттік. Басаңсуға уақыт жоқ, – деді Павел Таку.

«Биосфера» клубы 2008 жылы жеке кәсіпкерлердің демеушілігімен құрылған. Әуелдегі атауы – «Аманат». 15 жылда бірнеше дүркін облыс және Қазақстан чем-

пионы болды.

Сөз соңында облыс әкімінің орынбасары Ерлан Бейсенбайұлы Қарағанды облысында бұқаралық спорт қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Мәселен, шаһарда шағын футболдан әуесқойлар лигасы бар. Лигада бүгінде 130-дан астам команда ойнайды екен. 60-тан астам балалар командасы бар. Бастысы – лига NEET санатындағы жастарды қамтыған. Олар демеушілер арқылы қаржыландырылатын клубтарда ойнап, жалақы алады.

• ЖАҢА КІТАП

Мінезді түйін, мінсіз ой

Ақын Жәнібек Әлиманның баспадан жаңа шыққан «Жұлдызымның жорығы» атты жыр жинағы қолымызға тиді. Алғашқы «Серт» кітабымен де жақсы танысып. Сондағы отты өлеңдері де бар, кейінгі жазған жаңа жырларымен де толықтырылып, топтастырылыпты. Демек, өлеңсүйер қауым үшін жаңа жинақта жаналық бар.

Қасымхан БҰРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Әуелі талантты ақынның жаңа жинағы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Жаңа қазақ әдебиеті» сериясымен жарық көргенін атап өтелік.

Сөзіміздің басындағы отты өлеңдері деп қалғанымызды былай жалғалық. Біз білетін Жәнібек – асау ауыздықтаған, көкпар тартқан жігіт. Сол тарпаң мінезі өлеңдерінде де өткір сезіледі. «Бөрі ұлиды», «Мен түрік едім», «Серт» секілді өлеңдерінде өр рух бар.

Онымен қоса, лирикаға да бай. Жылт еткен сезім де, үлп еткен үміт те, кілт еткен көңіл кірбіңі де, сылқ еткен сәт те, бәрі-бәрі бар.

Жәнібек қолына қаламын өлең жазамын деп алмайды. Әуелі, қыбырлаған жәндікке құлағын түреді. Оның ызыңдаған дыбысынан әуен, яғни ерекшелік сезінеді. Айналасындағы құбылыс атаулыға құмарта зер салып, тіршіліктен тірнек іздеген тірі қозғалыстың тілін ұғатын сертек сезім бар Жәнібекте. Оның мұндай қасиетін қа-

сында жүргеннен бері жақсы білеміз.

Мәселен, Қарағанды вокзалының алдында ұлы Қанышқа арналған ескерткіш тұр. Былай қарасаңыз, елге келгендерді қарсы алып тұр деп біз ой түйеміз, иә. Ал, Жәнібек оны былай сөйлетеді.

«Қарағанды,
Вокзал алды абат гүл,
Азан-қазан бай мен кедей, жалақ құл.
Қаныш көкем қара жұрттан қара үзіп
Күншығысқа қарап тұр...». Байқағаным, ақын өлеңінің алғашқы шумағында-ақ ойын дүрсе қояды. Сөйтсек, айтқысы келгені мынау: «Қазақ, мысың қайда?» деп тұр тістеніп...
«Жыр тілінде кісінеген
құлын қырат,
Түлкі інірге тұтылды
күнім құлап,
Кеше жазып жұбанған
жібек көңіл,
Тағы мазам болмады
бүгін бірақ...»

Осы бір өлеңнің төрт жолында-ақ сезім иірімдері шебер суреттеледі. Ұйқасы да шымыр, ойы да «ойнап» тұр, қысқасы құйылып түсе береді, түсе береді.

Жәнібектің біз білетін тағы бір мінезі – талғампаздығы бар. Бұл жинағына да әбден таңдамалы өлеңдерін топтастырған. Мақсаты мынау: оқырманға ой салсын.

Жаңа кітапқа жазған алғысөзінде белгілі ақын Дәурен Берікқажыұлы ойын былай түйіндейді:

«Отызға енді шыққан Жәнібекте шаң басқан жадынды дүр сілкінтіп жіберетін этнографиялық өлең де, «мынау кайтеді, ей» деп еріксіз бас шайқататын табиғат лирикалары да жетіп-артылады. Біздің мақсат – солардың бәрін жеке-жеке талдап, Жәнібекті «өткізу» емес, көлгір кеңістікте мөлдір жүрекпен өлең жазып жүрген оғланға көңіліміздің ілтипатын жеткізу ғана...»

Жәнібектің жан сарайын жазбай таныған Дәурен ақыннан асырып не айта алмақпыз? «Жұлдызымның жорығы» атты кітап иесінің жұлдызы жоғарыдан жансын демеңгізі.

Жас қаламгер үнемі «Менің қаламымды қалыптастырған ол – қарашанырақ «Орталық Қазақстан» газеті. Осында жүріп, өлең де жаздық, публицистикалық мақалаларға да қалам сілтедік», – деп айтып жүреді. Олай болса, жаңа кітап «Орталықтың» оқырмандары үшін де олжа.

• ДЗЮДО

Абу-Дабиден абыройлы оралды

Біріккен Араб Әмірлігінің астанасы Абу-Дабі қаласында ардагерлер арасында дзюдо күресінен жарыс өтті. Бұл сыннан қазақстандық құрама 5 алтын, 3 күміс, 4 қола медаль еншілеп қайтты. Айта кетсек, Қазақстан құрамасы сапында Шет ауданының тумалары Самалбек Айнатаев күміс алса, Қыдырбай Әбішев пен Ерсайын Омаров қоланы қанжығалады.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Дүбірлі додаға төрткүл дүниенің түпкір-түпкіріндегі 35 елден 300-ге жуық дзюдошы жиналды. Кіл мықтының арасынан нағыз балуанды тану қиын еді. Десек те, сайыс болған соң айласы мен күші басым биіктен көрінері анық. Бұл сында қазақстандықтардың мерейі үстем болды. Жерлестеріміз қанша еңбек пен дайындықтың еш кетпегеніне дән риза. Жалпы командалық есепте жерлестердің бабы да бағына сай болып, 12 медаль еншіледі.

Шет ауданы

• БОКС

Головкин-Канело: шешім әділ ме?

Қарағандылық Геннадий Головкин мен мексикалық Сауль (Канело) Альварес арасындағы үш жекпе-жек те – әлі көптің жадында. Қос боксшы арасындағы алғашқы кездесу төрешілердің шешімімен тең аяқталса, екіншісінде мексикалық боксшы жеңіске жеткен болатын. Алайда, араға біршама уақыт салып ғалымдар екі кездесудің нәтижелері қате екендігін айтып күллі әлемге жария етті.

Ғалымдар жасанды интеллектінің көмегімен қос боксшы айқасындағы нағыз жеңімпазды анықтады. Арнайы құрылғының көмегімен шетелдік ғалымдар 2017 жылдың қыркүйек айында өткен жекпе-жекке сараптама жүргізген болатын. Талдау нәтижесі бойынша қазақстандық боксшының жеңіске жеткені анықталған. Мексикалық боксшы – 217, қазақстандық боксшының – 300 дәл соққы жасағанын көрсетті. Алайда, төрешілер бұл жекпе-жекті тең ақтаған болатын.

Ал, 2018 жылдың қыркүйегінде өткен қарымта кездесуде – Геннадий Головкиннің жеңгені анықталған. Алайда, төрешілер бұл жекпе-жекті мексикалық боксшының еншісіне берген.

• ФУТБОЛ

Нәтиже көңілдегідей болмай тұр

Футболдан Қазақстанның U-21 құрамасы Еуропа чемпионатының топтық кезеңіндегі кезекті ойыны 16 қарашада сырт алаңда өтпек. Бұл жолы ұлттық құрама жастары Мальта құрамасымен кездеседі. Қазіргі таңда отандастарымыз жаттығу жұмыстарын бастап кетті.

Бүгінде ұлттық құрама жастарының ойыны – көңіл көншітпейді. Себебі, биыл Еуропа чемпионатындағы топтық кезеңінде өткізген үш ойында да жеңіліп қалды.

Әуелі, қыркүйектің басында сырт алаңда Венгрия құрамасының жастарынан 2:0 есебімен жеңілді. Одан кейін сырт алаңда 1:0 есебімен Белгия құрамасынан жеңілді. Қазан айында отандастарымыз өз алаңында Испания жастарын қабылдап, 0:4 есебімен есе жіберді.

Отандастарымыз Мальтамен болатын ойынға дайындықтары қызу. Қос команда бұған дейін бір-бірімен кездеспеген. Ал, Мальта құрамасының жастары да чемпионатта айтарлықтай жақсы нәтиже көрсетіп жатқан жоқ. Сондықтан, отандастарымыз бұл кездесуде жеңіске жету үшін бар күш-жігерін салатыны анық.

• ХОККЕЙ

«Сарыарқа» есе жіберді

Хоккейден ел чемпионатының кезекті турында қарағандылық «Сарыарқа» сырт алаңда көкшетаулық «Арлан» клубымен кездесті. Алғашқы ойынның нәтижесі бойынша жерлестер қарсыластарына есе жіберді. Есеп – 4:0.

Алғашқы айналымда ешқандай нәтиже тіркелмеді. Екінші айналымнан бастап алаң иелері шабуылды үдетті. 20-шы минутта – Данила Карабан, 21-ші минутта – Захар Пархоменко, 22-ші минутта – Владислав Дюкарев шайба салып, есепті 3:0-ге жеткізді.

Соңғы айналымда Егор Буяльский төртінші шайбаны салып, ойынға нүкте қойды. Енді қос команда арасындағы екінші ойыны қалды.

– Қарсылас осал емес. Чемпионаттың лидері. Негізі, керемет ойын өтті. Алайда, екінші ауысымда үш гол қатарынан кіріп кетті. Одан кейін шайбаға иелік ете алмадық. Енді қарымта ойынға дайындаламыз, – деді шабуылшы Радель Фазлеев.

Дайындаған
Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальнаа Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА

Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшының м. а –
С.Б. ЛИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Темиртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KJZKJZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 239

№ 126 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жан АМАНТАЙ**